




ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Мысыр Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Әбдел Фаттах Ас-Сиси мен оның отандастарын Мысыр Араб Республикасының ұлттық мейрамы — Революция күнімен құттықтады.

Президент Мысыр елінің одан әрі өркендей беруіне тілектес екенін жеткізді.

Сондай-ақ қос халықтың игілігі үшін екіжақты және көпжақты форматтағы қарым-қатынас алдағы уақытта да арта түсетініне сенім білдірді.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Корея Республикасының Президенті Ли Чжэ Мёңмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында президенттер сан қырлы қазақ-корей ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға бейіл екенін растады.

Мемлекеттер басшылары екіжақты байланыстардың барлық бағыты бойынша егжей-тегжейлі пікір алмасты. Сондай-ақ сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты жандандыруға ниет білдірді.

Тараптар өнеркәсіп, энергетика, машина жасау, білім беру және медицина салаларында қолға алынған әрі перспективті жобаларды тиімді жүзеге асырудың маңызын атап өтті.

Ли Чжэ Мён Қазақстан Президентін Корея Республикасына ресми сапармен келуге шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Оңтүстік Корея басшысының шақыруын ризашылықпен қабыл алып, келесі жылы Сеулде өтетін «Орталық Азия — Корея Республикасы» форматындағы саммитке қатысатынын мәлімдеді.

ДӘРІГЕРГЕ ШАБУЫЛ ЖАСАҒАНДАРҒА ЖАЗА КҮШЕЙЕДІ

Мемлекет басшысы медицина қызметкерлеріне шабуыл жасағандарға жазаны күшейтуді тапсырды.



Бұл туралы Президент кеңесшісі — баспасөз хатшысы Руслан Желдібай мәлім етті.

«Мемлекет басшысы медицина қызметкерлеріне шабуыл жасап, күш қолданып және қатыгездік танытқан әрекеттерге қатысты жазаны қатандату мақсатында ұлттық заңнамаға өзгерістер енгізу туралы Парламент депутаттарының, денсаулық сақтау саласы өкілдерінің және белсенді азаматтардың ұсынысын қолдайды.

Дәрігерлердің денсаулығына нұқсан келтіріп, өміріне қауіп төндіретін мұндай келеңсіздіктерге «Заң және тәртіп» қағидатына сәйкес құқықтық тұрғыда батыл түрде тосқауыл қойылуы керек.

Президент Үкіметке тиісті заңнамалық түзетулер әзірлеуді тапсырды. Бұл бастама Парламентте азаматтық қоғам өкілдерімен бірге талқыланады» делінген.

ҚАЗЫНА ҚАЙНАРЫ – АСЫЛТҰҚЫМ

Елімізде асылтұқымды бір бұқаның құны 6 миллион теңгеге жетті. Ең арзаны 1,5 миллионға жуықтады. Яғни, асылтұқымды төрт түлік кәсіпкердің құнды активіне айналып келеді. Қазір елде асылтұқымды ірі қара малдың үлесі – 10,51 %. Бұл – жап-жақсы көрсеткіш, сонымен бірге ол жеткенге тоқмейілсіп тоқтауға болмайтынын, алар асулар әлі алда екенін паш етеді.

Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша, Қазақстанда ірі қара малдың саны 2024 жылғы шілдедегі 8 млн 153,6 мыңнан 2025 жылғы шілдеде 8 миллион 831,6 мың басқа дейін өсті.



→ 4

МАМАНДЫҚ ЕМЕС, МАРКЕТИНГ ҰТЫП ТҰР




→ 5

Биыл бакалаврда білім алу үшін 77 мың грант бөлінген. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, экономикаға инженерлік, су және энергетика, жол құрылысы, көлік, әуе жолдары мен темір жол саласындағы мамандар қажет. Ал талапкерлер арасында медицина, педагогика, инженер, биотехнология мен жеңіл өнеркәсіп, тау-кен ісі мамандығына сұраныс көп. Одан бөлек, қоғамда жоғары білім алмай-ақ курс оқып, ақша тапсам дейтін көзқарас бар.

ПЛАСТИКАЛЫҚ ХИРУРГ БОЛҒЫСЫ КЕЛЕТІНДЕР КӨП

Жыл сайын әлем бойынша 11 миллионнан астам адам пластикалық хирургтің қызметіне жүгінеді. Бір ғана эстетикалық медицинасы қарыштап дамыған Оңтүстік Корея елінде 19 бен 30 жас аралығындағы әрбір үшінші тұрғын өз еркімен пышаққа түсіп, пластикалық ота жасатады. Өйткені онда адамның келбетті болуы – оның қызметте табысты болуының кепілі.



→ 6

ӘР СУРЕТШІ – БІР ДӘУІРДІҢ ҮНІ

Биыл – қазақ мәдениеті үшін айтулы жыл. Себебі осы жылы ел мәдениетінің өркендеуіне сүбелі үлес қосып, қалтқысыз еңбек еткен бірқатар тұлғаның мерейтойы атап өтіледі. Әсіресе, мәдениет кеңістігінде өзінің қайталанбас дарынымен бейнелеу өнері мектебінің қалыптасуына ықпал еткен қылқалам шеберлерінің орны ерекше.



→ 8

24 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

СЕНАТ



СЕНАТОРЛАР СЕМИНАРҒА ҚАТЫСТЫ

Парламент Сенатының депутаттары Дархан Қыдырәлі мен Марат Қожаев «Қытай – ШЫҰ» парламентшілеріне арналған «ШЫҰ-ның біртұтас тағдыры қауымдастығын қалыптастыру мақсатында заң шығару органдары арасындағы ынтымақтастықты нығайту» тақырыбы бойынша өткен семинарға қатысты.

Қазақстандық сенаторлар семинар барысында басқа елдерден келген әріптестерімен бірге өзекті мәселелерді талқылады. Оның ішінде заң шығару органдары арасында тәжірибе алмасу мақсатында тұрақты тұғырнама құру, мемлекеттік басқару саласындағы өзара іс-қимылды нығайту, экономика мен сауда саласында өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту, 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған БҰҰ-ның күн тәртібін жүзеге асыруға жәрдемдесу, «Шанхай рухын» ілгерілету және жаһандық басқару жүйесіне ұйымның қосқан үлесі туралы тақырыптар бар.

Дархан Қыдырәлі қазіргі әлем бастан кешіп жатқан қарқынды трансформациялар жағдайында осы семинардың ерекше мәні мен маңызы бар екенін атап өтті. Бұл шара Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерінің заң шығару органдары арасындағы тәжірибе алмасу мен өзекті мәселелерді шешуде жалпы тәсілдерді әзірлеуге мүмкіндік беретін ерекше алаң.

«Орнықтылықты қамтамасыз ету мен стратегиялық шешімдерді жүзеге асыруда заң шығару

органдары шешуші рөл атқарады. Біз халықтардың өкілі ретінде сенім ахуалын қалыптастыра аламыз, идеялар алмасуға жәрдемдесеміз, ШЫҰ бастамаларын қоғамдық қолдау үшін тұғырнамалар құра аламыз. Сондай-ақ оны қоғамда терендету үшін қолайлы саяси орта қалыптастыра отырып, көпсалалы ынтымақтастықтың маңыздылығын түсінуге жәрдемдесе аламыз. Заң шығарушы органдар арасындағы диалогті дамыту елдеріміз бен халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосады», — деді Дархан Қыдырәлі.

КХР-ға сапары аясында Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитеті төрағасының орынбасары Пэн Цинхуамен кездесу болды. Тараптар кездесу барысында ынтымақтастықты одан әрі дамытудың өзекті мәселелерін талқылады.

Қазақстандық депутаттар Шынжан-Ұйғыр автономиялық ауданында болып, Зумрат Обул өңірінің Халық Өкілдері Жиналысының Тұрақты комитетінің директорымен кездесті.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ АРТТЫ

Қылмысқа қарсы күресте цифрлық технологиялар, заңнамалық реформа мен бейнебақылау жүйелерінің тиімді жұмысы нәтижелі құралға айналғандай. Дегенмен соңғы кезде ұрлық-қарлық азайып, ауыр қылмыстар сирегенімен, интернет алаяқтық көбейіп отыр. Осы себепті бүгінде құқық қорғау органдары заманауи қауіп-қатерлерге көбірек назар аударып, күрес тәсілдерін жаңа форматқа көшірді. Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің мәліметіне сүйенсек, 2025 жылдың алғашқы жартысында ел бойынша 64 529 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелген. Бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4 463 дерекке аз немесе 6,5%-ға төмен. Демек, жүйелі түрде жүргізіліп жатқан «Заң және тәртіп» қағидаты мен құқықтық үстемдік орнатуға бағытталған мемлекеттік саясат оң нәтиже бере бастады.



Биыл тіркелген қылмыстық істердің төрттен үші нақты қылмыстарға тиесілі — олардың жалпы саны 52 117-ні құрап отыр. Бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда 6 880 дерекке кеміп, шамамен 11,7%-ға төмендеген. Аса ауыр қылмыстар 58,4%-ға азайса, орташа ауырлықтағы қылмыстар 14%-ға, ал жеңіл қылмыстар 13,4%-ға қысқарған. Дегенмен ауыр санаттағы қылмыстар керісінше 2,4%-ға өсіп отыр.

Сондай-ақ ұсақ құқықбұзушылықтар саны күрт артқан, мәселен, биылғы алты айда 12 412 іс тіркелген, бұл былтырғыға қарағанда 24%-ға көп. Қазір мұндай істер барлық қылмыстық құқықбұзушылықтың бестен бір бөлігін құрайды. Оларға ұрып-соғу, ұсақ ұрлық және жол қозғалысы ережесін бұзу сынды әрекеттер жатады. Бас прокуратура өкілдері бұл өсімді кейбір әкімшілік құқықбұзушылық баптарының қылмыстық санатқа өтуімен байланыстырып отыр.

Ұрлық, қарақшылық және кісі өлтіру істері күрт азайған.

Бірнеше санаттағы қылмыстар едәуір төмендеген: Ұрлық — 27,6%-ға азайып, 11 809 жағдай тіркелген (2024 жылы — 16 309). Тонау — 34%-ға кеміп, 574 факт (былтыр — 870). Қарақшылық — 38,6%-ға төмендеп, 43 іс (былтыр — 70). Кісі өлтіру — 18,8%-ға азайып, 263 жағдай (былтыр — 324). Кісі өлтіруге оқталу — 32,1%-ға қысқарып, 53 дерек (былтыр — 78). Бұзақылық — 23%-ға азайып, 687 жағдай (былтыр — 892). Зорлау — 11,7%-ға кеміп, 226 факт (былтыр — 256).

Ұрлық фактілерінің кемуіне «қызыл» аймақтардағы бейнебақылау, цифрлық талдау және превентивті шаралар себеп болғаны айтылып отыр. Қоғамдық орындар мен көліктегі ұрлықтар да азайған.

Алаяқтық, әсіресе интернет беттерінде қайта белең алып барады. Мәселен, биыл алаяқтық фактілері аздап өсіп, жалпы саны 22 812-ге жеткен. Бұл былтырмен салыстырғанда 0,7%-ға көп. Есесіне интернет алаяқтық күрт өскен — бір жылда 9 936-дан 12 390-ға дейін жетіп, 24,7%-ға артқан.

Алаяқтар халықты жалған сайттар, фейк чатты хабарламалар, әлеуметтік желілердегі жарнамалар, жалған жеткізу қызметтері және банктердің фейк аккаунттары арқылы алдап соғуда.

Наркобизнеске қарсы күрес те жалғасуда. Бұған дейін Ішкі істер министрлігі жарты жылдың қорытындысы бойынша елде 4 мыңға жуық есірткіге қатысты құқықбұзушылық тіркелгенін мәлімдеген болатын.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы қылмыстық ахуалдың жақсаруына цифрлық технологиялар, бейнебақылау жүйелерінің дамуы, заңнамалық реформалар мен құқық қорғау органдарының алдын алу шаралары өз нәтижесін бере бастағаны байқалады.

Әмина МҰХАНБЕТ

ТҮЙТКІЛ

ҚҰМАРОЙЫН ҚҰРДЫМҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Бір кездері аталарымыз «Асық ойнаған озар, доп ойнаған тозар» деуші еді. Қазір бұл сөздің мәні мүлде өзгеріп бара жатқандай. Себебі қоғамда ойынды бәс тігу, құмарға салыну, оңай олжа табу жолы ретінде қабылдайтындар көбейіп келеді. Бұл тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның мәселесіне айналды.



Ашық деректерге сүйенсек, Қазақстанда 350 мыңға жуық лудоман тіркелген. Бұл тек ресми есепте тұрғандары. Ал көлеңкеде қалып, өмірін ойынға тігіп жүргендердің нақты саны одан да көп болуы мүмкін. Бұдан бөлек, ажырасқан отбасылардың 40 пайызы дәл осы лудомания кесірінен шаңырақтарын шайқалтқан. Суицид жағдайларының 20 пайызы да құмар ойындармен байланысты екені айтылады.

Қоғамда бұл дертке шалдыққандардың ішінде қылмысқа барып, қарызға батқан адамдар аз емес. Бейресми ақпараттар бойынша, лудомандардың орташа қарызы 10 миллион теңге шамасында. Ең қорқыныштысы, бұл құбылыс көмелетке толмағандар арасында да белең алып келеді.

Осы өзекті мәселені шешу үшін заң қабылдау туралы ұсыныс қоғамда бұрыннан талқыланып келе жатқан еді. Атырауда өткен құрылтай отырысында Мемлекет басшысы К.Тоқаев та «Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн-ойындар балалардың күнделікті ермегіне айналып барады. Құзырлы органдар былтыр интернет-казиноның белгісі бар 4 мыңнан астам сайтты бұғаттады», — деген еді.

Президент қол қойған жаңа заңда бірнеше нақты шектеу қарастырылған. Біріншіден, қатысуға болмайтындыр қатары кеңейді. Бұрын тек шектеулі тұлғаларға тыйым салынса, енді бұл қатарға борышкерлер, мемлекеттік қызметшілер, әскери адамдар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен бюджеттік ұйым басшылары да енгізілді. Олар заң бұзса, жұмыстан босатылады.

Екіншіден, букмекер жарнамасына тосқауыл күшейді. Енді букмекерлік кеңселер көлік құралдарында, БАҚ-та, кино мен видеоа, анықтамалық қызметтерде жарнама жасай алмайды.

Жарнама жасауға тек букмекер кеңсесінің сыртында, спортшылардың киімінде, ресми спорттық БАҚ-та, халықаралық жарыстарды тікелей көрсететін отандық телеарналарда ғана берілімек. Яғни, мысалы, Qazsport арнасынан букмекер жарнамасын көрсеніз — бұл заң аясында рұқсат етілген, ал «Хабар» немесе басқа арна жарнамаласа — бұл заңбұзушылық.

Экономист Максат Сералының айтуынша, лудоманиямен күрес тек заңмен шектелмейді.

— 2026 жылға қарай жылдар бойы лудоманияның құрығында жүргендердің санын екі есеге қысқарту мақсатында Қазақстан билігі оларға мемлекет есебінен тегін емдеу мен медициналық-әлеуметтік оналту ұсынуды жоспарлап отыр екен. Бұл мақсаттарға бюджеттен 80 млн теңгеден астам қаржы бөлінген. Сондай-ақ ел билігі лудоманиямен күрес аясында төрт бағыт бойынша 42 іс-шара ұйымдастырмақ, — дейді экономист.

Тағы бір маңызды қадам eGov mobile қосымшасы арқылы әрбір азамат өз еркімен құмаройындарға шектеу қоя алады. Бұл қызмет арқылы 6 айдан 12 айға дейін заңды ойын мекемелері мен букмекер сайттарына кіруге тыйым салуға болады.

«Бұл жайлы таныстарыңызға айта жүріңіздер. Біреу болмаса, біреуіне көмегіңіз тиіп қалар», — дейді экономист.

Әсет ҚАЛИ

ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЙТІН ҚАУІП

Былыр жылдың соңында жүргізілген құмар ойындарға тәуелділіктің себептері мен ауқымына арналған республикалық зерттеу нәтижесі бойынша құмар ойындарды үнемі ойнайтындардың ең көп шоғырланған орны – лицензиясыз букмекерлік кеңселер. Мұндай мекемелерде 494 мың адам тұрақты түрде ойнайды.



Екінші орында — заңды лотереялар (491,7 мың адам) болса, үшінші орында — Қазақстанда тыйым салынған интернет-казинолар (484,1 мың адам). Сонымен қатар лицензияланған казинолар мен ойын автоматтары залдарында 495,4 мың адам, ал лицензияланған букмекерлік кеңселерде 456,3 мың адам құмар ойындарын тұрақты ойнайды.

Айта кетерлігі, бүгінде Қазақстанда 200 мыңға жуық азамат құмар ойындардан өз еркімен бас тарту мүмкіндігін пайдаланып үлгерген. Осындай деректер еліміздегі лудомания феномені мен оны дамытуға ықпал ететін факторлар туралы аналитикалық есепте де келтірілген. Есепке сәйкес, елдегі лудомандардың саны шамамен 442,5 мың адамды құрайды, олардың

басым бөлігі — 18 бен 30 жас аралығындағы жастар.

Ойынға тәуелділер арасында ең үлкен үлесті құрылыс пен өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін немесе істеген адамдар құрайды — 18,3%. Одан кейінгі орында қаржы саласының өкілдері — 13,3%. Сонымен қатар лудомандар арасында мемлекеттік қызметпен тікелей байланысты болғандардың да үлесі айтарлықтай — 11,7%. Ойынға тәуелділіктің ауқымын құмар ойындар мен бәс тігуді ұйымдастыру саласында көрсетілген қызмет көлемінен де анық көруге болады. Биылғы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 100,1 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10,7%-ға аз.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ДӘРІПТЕЛГЕН КҮН



Отбасы – ұлттық рухтың ошағы, тәрбиенің негізі, болашақтың іргетасы. Осындай құндылықтарды арқау еткен алғашқы отбасылық этно-марафон Қостанайда өтті. Шараны «AMANAT» партиясы жанындағы Әйелдер қанаты «Балаңа уақыт арна» және «Бақытты отбасы» жобалары аясында ұйымдастырды. Жобаның жетекшісі – Қостанай облысы бойынша бала құқықтары жөніндегі уәкіл, партия жанындағы сарапшы Несібелі Басенова.

Шараның басты мақсаты – ұлттық салт-дәстүрді сақтау мен отбасы құндылықтарын насихаттау. «Золотой фазан» демалыс кешенінде өткен марафонға облыстың барлық



өңірлерінен 16 отбасы қатысты. Қатысушылар ұлттық нақыштағы киім киіп, ата-баба мұрасын дәріптеуге ерекше көңіл бөлді. Марафонның ашылуында «AMANAT» партиясы Қостанай облыстық филиалының төрағасы Алмат Досмұхамедов пен Әйелдер

қанатының жетекшісі Гүлсара Жаманқұлова құттықтау сөз сөйледі.

«Ұлттық стильдегі отбасылық марафон – маңызды бастама. Бұл арқылы біз ұрпаққа отбасы құндылығын насихаттап, дәстүрімізді жаңғыртамыз», – деді Алмат Досмұхамедов.

Шара барысында қатысушы отбасылар өз тарихымен таныстырып, ата дәстүрге адалдық, үлкенге құрмет пен бала тәрбиесіндегі жауапкершілік туралы ой бөлісті. Сонымен қатар спикерлер мазмұнды баяндамалар жасады. Облыстық бала құқықтары жөніндегі уәкіл, жоба жетекшісі Несібелі Басенова отбасылық құндылықтың мемлекет тұрақтылығындағы маңызын атап өтті.

Марафон аясында:

- Отбасылық таныстырулар – 3 минутта шаңырақ шежіресін баяндау
- Ұлттық ойындар – тоғызқұмалақ, садақ ату, арқан тарту
- Шығармашылық байқаулар – Dombra Battle, «Өнерлі отбасы», музыкалық номерлер өткізілді.

Шараның әр сәті естелікке тұрарлық болды: күй төгіліп, балалардың күлкісі мен домбыраның үні бір-бірімен жарасып, нағыз отбасылық мерекенің шырайын келтірді.

Марафон қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен номинация иегерлері анықталды:

- Бас жүлде (1 орын) – Алпыс отбасы, Алтынсарин ауданы («Жеке Дара») – 100 000 теңге;
- 2 орын – Амиргазиндер отбасы, Амангелді ауданы («Бірлік») – 50 000 теңге;
- 3 орын – Валихановтар отбасы, Денисов ауданы («Алаш») және Берікқара отбасы, Лисаков қаласы («Мерейлі отбасы») – әрқайсысына 30 000 теңгеден;
- Көрермен көзайымы жүлдесі – Синишовтар отбасы – 20 000 теңге және «Садақ ату» номинациясы;

- «Тоғызқұмалақ» үздігі – Алпыс отбасы, Алтынсарин ауданы;
- «Өнерлі отбасы» – Илимжановтар отбасы, Денисов ауданы;
- Dombra Battle және «Ең талантты отбасы» – Сагитовтер отбасы, Б.Майлин ауданы.

Жас отбасылар ұлттық ойындар арқылы ғана емес, өзара тәжірибе алмасу мен ұрпаққа үлгі боларлық өнегені де паш етті. Мысалы, Жангелдин тумасы, бүгінде Алтынсарин ауданында тұратын Әбдрахман Алпыс жұбайы Әйгеріммен жеті бала тәрбиелеп отыр.

«Ұрпақ тәрбиелеу – елмен бірге атқарылатын іс. Отбасы – үлкен дүние. Барша ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз», – деді ол.

Этно-марафонға қатысқан өзге отбасылар да ерекше сипатқа ие. Мысалы, Әулиеқөлден келген Есмағамбетовтер – ұлттық тәрбие

мен қоғамдық белсенділікті ұштастырып жүрген өнегелі шаңырақ. Федоров ауданынан келген Айтбаевтар – ұлттық спортты дәріптеп жүрген әулет. Рудный қаласының Ескабывовтар отбасы – отансүйгіштік пен еңбекқорлықты ұрпағына аманат етіп жүрген отбасы.

«Бүгінгі іс-шара – отбасы ішіндегі байланыстарды нығайтуға арналған ерекше саяхат. Қатысушылар дәстүр арқылы бір-бірін жанаша тани түседі», – дейді жоба жетекшісі Несібелі Басенова.

Этно-стильдегі марафон – мерекелік көңіл күймен қатар, терең тәрбиелік мағынасы бар тағылымды бастама болды.

«AMANAT» партиясы алдағы уақытта да отбасы құндылығын насихаттайтын осындай игі жобаларды жалғастыра бермек.

«Ұлттың тамыры – отбасында. Отбасы мықты болса, қоғам да берік болады», – дейді ұйымдастырушылар.



Ақтөбеде ерекше мәдени оқиға – «Құрыш білек» мюзиклінің премьерасы өтті. Бұл қойылым Eurasian Resources Group (ERG) құрамына кіретін «Қазхром» ТҰҚ АҚ-ның 30 жылдығына және Жұмысшы мамандықтары жылына арналды. Спектакль компания мен Ғазиза Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармониясының шығармашылығы нәтижесінде дүниеге келді.

АҚТӨБЕЛІК МЕТАЛЛУРГТЕР МЮЗИКЛ ҚАҺАРМАНДАРЫНА АЙНАЛДЫ



Бұл жобаны ерекшелігі – оның орындаушылары. Басты рөлдерді кәсіпқой актерлер емес, зауыт қызметкерлері – металлургтер, кран машинисттері, слесарь, дәнекерлеушілер мен электрліктер сомдады. Бұл жандар металл ғана емес, өнер де жасай алатындарын дәлелдеді.

– Кезекшіліктен соң үйге емес, бірден репетицияға баратынмын. Әрине, шаршадым, бірақ үлкен жауапкершілік сезіндім. Жұмысшылар да өнер көрсете алатынын дәлелдегім келді. Мюзиклде біз атқаратын еңбектің қуатын жеткізуге тырыстым, – дейді №4 балқыту цехының шихта беру машинасының машинисі Шымболат Қайратұлы.

Мюзикл металлургтердің жасырын талантын ашып қана қоймай, көрермендердің жүрегіне де жол тапты. Спектакльдің жүрегінде еңбек жолы, достық, сүйіспеншілік және ұжымдық бірлік жатыр.

№2 балқыту цехының металл есебін жүргізетін технигі Дана Иса үшін бұл қойылым – балалық арманның орындалуы болды:

– Мен алғаш рет сахнаға шықтым, бірден басты рөлде. Бұл – ғажап сезім! Өзіме сенуге мүмкіндік берген «Қазхром-

ға» алғысым шексіз. Бұл менің өмірімді өзгертті, – дейді ол.

Ал балқытушы Дастан Қазбек сахнада өзін емес, өзінің қарама-қайшы кейіпкерін ойнағанын айтады. Бұл рөл оған жұмысқа деген махаббаттың арқасында оңай берілген:

– Мен өз ісімді жақсы көремін және мақтан тұтамын. Сол себепті кейіпкердің бейнесіне ену маған жеңіл болды, – дейді ол.

Қойылымның ерекше бөлігі – барлық әндердің қатысушылардың өз дауыстарымен орындалуы. Бұл спектакльге шыншыл атмосфера сыйлап, зауыт өмірінің рухын көрерменге жеткізді.

– Біз өз күнделікті өмірімізді көрсеттік: еңбек, махаббат, достық. Біздің зауытта отбасылар да осында құрылып жатады. Спектакльдің басты ойы – қауіпсіздік техникасын сақтау. Бұл – бәріміздің ортақ үндеуіміз, – дейді кран машинисі Айман Құттымұратова.

«Құрыш білек» мюзиклі – еңбек адамдарына деген құрмет пен мойындаудың символына айналды. Ол еңбек майталмандары тек цехта ғана емес, сахнада да қаһарман бола алатынын дәлелдеді.



БАЛАБАҚША ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысының орталығында мемлекетке қайтарылған активтер есебінен жаңа балабақша салынып жатыр. Маңызды әлеуметтік жобаның жүзеге асуын «AMANAT» партиясы СҚО филиалы партиялық бақылау комиссиясының мүшелері тікелей қадағалауда.

Құны 1,9 миллиард теңгені құрайтын бұл жобаны «Основание» ЖШС қолға алған. 2023 жылдың тамызында мемлекеттік сараптаманың он қорытындысы берілгеннен кейін, құрылыс жұмыстары 2025 жылдың ақпанында басталған.

Құрылыс алаңына барған партиялық бақылау комиссиясының мүшелеріне мердігер компания өкілдері жұмыстың белгіленген мерзімге сай жүріп жатқанын және ешқандай кедергі туындамағанын айтты. Қазіргі таңда құрылыс жұмыс-

тарының 40 пайыздан астамы аяқталған. «Основание» ЖШС өкілдері нысанды белгіленген кестеге сай, сапалы әрі уақытылы аяқтайтындарын мәлімдеді. Өз кезегінде партиялық бақылау комиссиясы бұл жұмысты тұрақты түрде назарда ұстайтынын жеткізді.

Жаңа балабақша заманауи талаптарға сай салынбақ. Бұл жоба облыс орталығындағы білім беру инфрақұрылымының дамуына тын серпін беріп, бүлдіршіндерге қолайлы орта қалыптастыруға жол ашады.



320 ГЕКТАР ЖЕР ИГЕРІЛДІ

Ақтөбе облысында «AMANAT» партиясының «Жер аманаты» жобасы өз нәтижесін көрсетуде. Мәртөк ауданына қарасты Сарыжар ауылында орналасқан «Нива» шаруа қожалығының иесі Сабыржан Көшібаев мемлекет меншігіне қайтарылған 320 гектар жерді тиімді игеріп, ауыл шаруашылығын дамытып отыр.

Шаруашылық иесінің айтуынша, соңғы екі жылда ол Ақтөбе–Орынбор халықаралық күре жолының бойындағы аумақта ауыл шаруашылығымен айналысып келеді.

«Қайтарылған жерлерді толық игеріп жатырмыз. 10-15 гектарға қызанақ, қияр, қауын, қарбыз сияқты көкөністер егеміз. Өнімді ауыл тұрғындарына көтерме бағамен ұсынамыз. 35 гектар алқапта суармалы шөп өсіреміз. Сонымен қатар жылқы ұстап, қымыз өндіру ісін де жолға қойдық», – деді шаруашылық иесі.

«AMANAT» партиясының «Жер аманаты» жобасы – игерілмей жатқан немесе заңсыз пайдаланылған ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтаруға бағытталған арнайы бастама. Жобаны партия 2022 жылы іске қосты. Оның негізгі мақсаты – аграрлық саланы дамыту және әділ жер қатынастарын қалыптастыру.

Бүгінде қайтарылған жерлердің есебінен көптеген шаруалар жаңа мүмкіндіктерге ие болып, өндіріс көлемін ұлғайтып, жергілікті нарықты сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр.

24 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

КӨКЕЙКЕСТІ

ҚАЗЫНА ҚАЙНАРЫ – АСЫЛТҰҚЫМ

Елімізде асылтұқымды бір бұқаның құны 6 миллион теңгеге жетті. Ең арзаны 1,5 миллионға жуықтады. Яғни, асылтұқымды төрт түлік кәсіпкердің құнды активіне айналып келеді. Қазір елде асылтұқымды ірі қара малдың үлесі – 10,51%. Бұл – жап-жақсы көрсеткіш, сонымен бірге ол жеткенге тоқмейілсіп тоқтауға болмайтынын, алар асулар әлі алда екенін паш етеді.

Айхан ШӘРІП

Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша, Қазақстанда ірі қара малдың саны 2024 жылғы шілдедегі 8 млн 153,6 мыңнан 2025 жылғы шілдеде 8 миллион 831,6 мың басқа дейін өсті.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне жүгінсек, республикада қазіргі кезде барлық санаттағы шаруашылықтарда ұсталатын асылтұқымды ірі қара малдың жалпы саны 927 мың 874-ке жетті. Соның 562 мың 727-сі — сиыр. Қалғаны — етті немесе тұқымдық бұқа.

Асылтұқымды ІҚМ-ның ең көп саны бойынша Батыс Қазақстан облысы көш бастады — 146 350 бас. Екінші тұғырға Абай облысы көтерілді — 113 963 бас. Бестікке Ақтөбе (83 110), Алматы (69 947) және Павлодар (69 292) облыстары енді. Асылтұқымды мал өсірудің табысты бизнеске айналғаны сонша, көшеде, тіпті қала маңында мал жаюға тыйым салынған Астанада — 91, Алматы мегаполисінде — 1 054 тегі асыл сиыр мен бұқаның қорада ұсталатыны анықталды.

Саланың қарқынды дамып жатқанын өткен апта соңында Астана маңында ұйымдастырылған, шамамен 383 гектар аумаққа созылған «Jańa Dala—Green Day2025» мамандандырылған көрме-демонстрациясындағы рекордтық көрсеткіштер паш етті. Бұл ауданда түрлі техниканың демонстрациясына арналған алаңдар, жол талғамайтын көліктердің тест-драйв полигондары, «Тиімді гектар» тынайтықш байқауының тәжірибелік егістіктері, басқасы орналасты.

Агробизнес пен технологиялар саласындағы дәстүрлі көрме 10 мыңнан астам қонақты — Үкімет мүшелерін, Франция, Ұлыбритания, Германия, Нидерланд сияқты бірнеше елдің елшісін, отандық және шетелдік фермерлер-



ді, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер мен жеткізушілерді, аграрлық ғылым мен білім, мемлекеттік органдар мен салалық кәсібі бірлестіктердің өкілдерін жинады.

Тұңғыш рет іс-шараға Астана мен Ақмола облысы мектептерінен 500-ден астам оқушы қатыстырылды. Оларға экскурсияшылар мен педагогтер арнайы бағдарлама ұсынып, сонынан естелік сыйлықтар табысталды. Нәтижесінде, жас ұрпақта ата-баба кәсібіне деген қызығушылық оянып, арасынан болашақта төрт түлікті өсірудің майталман мамандары шығады деген үміт бар.

Көрменің «Мал шаруашылығы» бөлігінде дәстүрлі түрде асылтұқымды ІҚМ аукционы өткізілді. Онда көрме тарихында алғаш рет бір бұқа 6 миллион теңгеге сатылды. Бұл рекордты Qazaq Aqbas тұқымының 17 айлық «Жойқын» лақап атты бұқасы орнатты.

Мұның сыртында, тағы бір бұқа өз иесіне су жана, дөңгелекті трактор жеңіп

алды. Maverick бүркенші атына ие, ангус тұқымды бұқа ауыл шаруашылығы көрмесі аясындағы байқауда «Үздік бұқа» номинациясының абсолютті чемпионы атанды.

Байқау 2 жас тобынан құралды: кіші топқа — 18 айға дейінгі тайыншалар, жоғарғы топқа — 18 айдан ересек бұқалар қатысты. Арасында қазақтың ақбасы, әулиеқол тұқымдары, герефорд, ангус, қалмақ тұқымдары болды. Олардың бойбітімін, басқа да қасиеттерін отандық және шетелдік мамандардан тұратын халықаралық қазылар алқасы бағалады. Қазының бірі, ресейлік «Самараплем» кәсіпорнының бас директоры Светлана Серова қазақтың «Ақбас» тұқымды жануарлары төңті еткенін айтады.

— Байқауда бағалау кезінде түсінікті әрі қарапайымдау өлшемшарттарға сүйендік. Бұқалардың бұлшық етіне, сыртық кейпі мен сымбат-мүсініне, дамуына, аталық ұрық бездерінің, тұяқтарының, аяқтарының дұрыс қалып-

тасуына назар аудардық. Қосымша критерий — мінез-құлқы. Бірақ бұл тұрғыда жеңілдік жасауға тырыстық. Себебі көптеген шаруашылық елдің әр түкпірінен Астанаға дейін алыс жол жүріп келді, 2,5 мыңнан астам шақырымды еңсерген. Жануарлар қатты шаршады, 40 келіге дейін салмақ жоғалтқан. Жалпы алғанда, қазақстандық асылтұқымды малдың сапасы өте жоғары, бірінен-бірі өтеді. Қазақстан бұл бағытта қарқынды дамып келеді, — деді С.Серова.

Табадай шығжырған шілденің шілінгір күнінің астында 2,5 мың шақырым жолды еңсерген батысқазақстандық «Сәбит» шаруа қожалығының 578 келілік «Қыран» лақапатты бұқасы кіші топтың жеңімпазы атанды. Оның қожайынына автомобиль мен мотоцикл

олар шаруашылыққа кері оралып, сиыр табындарын ұрықтандыруға және жергілікті малдың генетикасын жақсартуға үлес қосады. Айтқандай, асылтұқымды бұқалардың иелері оларды табынын асылдандырғысы келетін өзге шаруа қожалықтарына жалға беріп те, мол табыс таба алады.

Байқауға қатысқан 30 бұқаның 19-ы аукционға қойылды. Біреуі аяғын зақымдап алыпты, ақсақ мал саудадан шығарылды. Аукционға қатысушылар нөмірі жазылған қағазды көтеру арқылы бұқалар бағасын 100 мың теңгеге қымбаттатып отырды. Ұйымдастырушылар болашақта қазақстандық аукционды онлайн форматта да қатар өткізіп, қашықтан қатысушылар санын көбейтуге ниетті.

Аукцион қорытындысында бұқалардың көбі 1,5 миллион теңгеге дейінгі сомаға сатылды. Кейбірінің иесі бағаға қанағаттанбай, малын саудадан алып тастады. Абай облысынан келген «Дәурен» шаруа қожалығы «Алапатын» 2,8 миллионға, «Жойқынды» рекордтық 6 миллион теңгеге өткізді. Екеуінің ұрығының сапасы өте жақсы бағаға ие: 10:10-ға дейін барады. Олардың атасы — 2023 жылдың чемпионы «Бублик» бұқасының салмағы бүгінде 1 тоннадан асып кетіпті.

«Дәурен» ШҚ басшысы Нұртуған Манап чемпион-бұқаларды өсірудің құпиясын бөлісті. Оның айтуынша, жақсы бұқа баптау үшін оны толыққанды, құнарлы азықжеммен қамтамасыз ету қажет. Денесінің шымыр болуына да баса мән береді: дүркін-дүркін сайын далада жүгіртіп, ат жаратқандай ащы терін алады екен. Сонда бұқаны май баспай, сергек болады.

Ал АШМ болса, «Асыл Түлік» ЖШС базасында асылтұқымды ірі қара мал өсірудің инновациялық технологиялары


Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметіне жүгінсек, республикада қазіргі кезде барлық санаттағы шаруашылықтарда ұсталатын асылтұқымды ірі қара малдың жалпы саны 927 мың 874-ке жетті. Соның 562 мың 727-сі – сиыр. Қалғаны – етті немесе тұқымдық бұқа.

табыс етілді. Соңғысы малшылар үшін таптырмайтын көлік: бақташылар шаршап қалатын жылқымен емес, қос доңғалақты көлікпен қозғалғанды тиімдірек санайды.

Жасы 18 айдан асқан ересек бұқалар тобында павлодарлық «Галичское» ЖШС-нің 636 келілік «Доллар» лақапатты бұқаны жеңді. Байқаудан кейін өткен аукционда иесі «Долларды» өзге өңірге 1,4 миллион теңгеге сатты. Ал «Сәбит» ШҚ «Қыранды» және байқауға қатысқан басқа бұқаларын сатпады:

қарастырылып жатқанын жеткізді. Соның ішінде, ірі қара малды ұтымды азықтандыру, тұқым ерекшеліктері мен жасына бейімделген тенгерімді рациондарын енгізу, мал денсаулығын сақтау, өнімділігін арттыру, шығынды азайту және экологияға өсерді төмендету стратегиялары пысықталады. Мұндай тәсілдер ет өнімділігі мен сапасын едәуір арттырып, отандық мал шаруашылығының ішкі және халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін көтеруге мүмкіндік береді.

ДАМУ



Озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбие әрдайым қатар жүруі керек. Қазақтан шығып, әлемді мойындатқан ғұлама әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне зиян әкеледі» деп дәл айтқан. Мемлекет басшысы 2025 жылғы 14 наурызда Ұлттық құрылтайдың IV отырысында осыған екпін түсіріп, тәрбие мәселесіне мән берді. Президент «Адал азамат» атты біртұтас тәрбие бағдарламасын енгізуді ұсынды.

Бұл тапсырма жана 2025-2026 оқу жылында толыққанды жүзеге аспақ. Ұлттық құрылтайда Қасым-Жомарт Тоқаев мұның «өте маңызды құжат болатынын» мәлімдеді.

— Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келді. «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы». Біліммен қатар, тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды. Былтыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Енді жанарған құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік мектептер де басшылыққа алуға тиіс, — деді ел Президенті.

Бұл бағдарламаны «Адал азамат» деп атауды ұсынған Қ.Тоқаев оның аясындағы тәрбие жұмысы әрбір баланы қамтуы қажетін, сонда ғана бұл бастама жалпыұлттық ауқымға ие болатынын атап өтті. Оқу-ағарту министрлігі 1 қыркүйектен елдің барлық білім беру ұйымында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске қосылатынын жария етті.

«Жана оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымында, соның ішінде жекеменшік мектептерде тәрбие жұмысы «Адал азамат» атты біртұтас бағдарлама негізінде жүргізіледі. Бұл — бұрын жүзеге асқан «Біртұтас тәрбие» тұжырымдамасының жалғасы. Мазмұны жаңартылып, Мемлекет басшысының «Адал азамат — Адал еңбек — Адал табыс» идеологиялық

АЙБЫНДЫ ЕЛДІҢ АРҚАУЫ

қағидасымен үндестірілген», — деп хабарлады ведомство.

Бағдарламаның үйлестірушісі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының мәліметінше, Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен бағдарлама жана атауда қайта бекітілді. Оның мақсаты — адал, еңбеккор, елжанды азаматтарды тәрбиелеу.

«Тәрбие жүйесі жалпыұлттық құндылықтарға негізделіп, мектеп, ата-ана және қоғам арасындағы байланысты, серіктестікті нығайтуға бағытталады. Алғаш рет бұл бағдарлама жекеменшік мектептер үшін де міндетті болмақ. Бұл тәрбие жұмысының елдің барлық бұрышында бірыңғай стандартпен жүргізілуіне және бүкіл оқушы үшін тең жағдай жасауға мүмкіндік береді», — деп түсіндірді Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА.

Барлық мектеп үшін бірыңғай визуалды стандарт — брендбук әзірленеді. Соның негізінде мемлекеттік және жекеменшік білім ордаларының ішкі (интерьері) және сыртқы келбеті (экстерьері) жана ша безендіріледі: олар қазақы нақыштармен көмкеріліп, ұлттық тәрбие құндылықтары мен ұлттық мәдениетті бейнелейтін ортаға айналуға тиіс.

— Тәрбие жұмысына қатысатын барлық тараптың іс-әрекетін үйлестіруге, қоян-қолтық жұмыс істеуіне ерекше көңіл бөлінеді. Мектептердегі тәрбие ісі мемлекеттік органдардың, құқық қорғау, денсаулық сақтау, төтенше жағдай, ішкі саясат саласындағы құрылым-қызметтердің өзара тығыз іс-қимылына құрылады, — деді академиядағылар.

Әрбір ай үшін белгіленген тақырыптар сабақ пен сыныптан тыс іс-шараларды бір-бірімен қисынды сабақтастырады. Мысалы, әділдік, еңбеккорлық, патриотизм сияқты құндылықтарға негізделген тақырыптар мектеп пен одан тыс тәрбие процесінің өзегіне айналмақ. Мектептердегі оқу процесіне «Өнетелі 15 минут», ұлттық ойындар секілді жана форматтар енгізіледі. Мемлекеттік және жеке мектептердегі сабақтар арасындағы үзіліс

қонырауы қазақтың күй әуенімен ауыстырылады.

— Оқушының білім ұйымының қабырғасынан тыс өмірлік тәжірибесін байытуға да ерекше көңіл бөлінеді. Сабақтан тыс тәрбие жұмыстары жүйеленіп, 6 ірі жоба жалғасады. Бұлар: «Қамкор» (экология және волонтерлік), «Еңбегі адал — жас өрен» (еңбекке баулу және мамандыққа бағдар), Smart Bala (IT және инновациялық ойлауды қолдау), «Шабыт» (өнер мен мәдениет арқылы рухани даму), «Ұшқыр ой алаңы» (пікірсайыс пен зияткерлік ойындар), «Балалар кітапханасы» (оқу сауаттылығы мен кітап мәдениетін дамыту), — деді министрлік өкілдері.

Мұның сыртында «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам», «Буллингтен қорған!», «Қауіпсіз қоғам» сияқты профилактикалық жобалар жалғасын табады. Олар буллингтің, құқықбұзушылықтардың, сондай-ақ балалар арасындағы басқа да қауіп-қатердің алдын алуға бағытталған.

Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Осман соңғы жылдары министрлік білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударып, педагогтер мен ата-аналарды өскелең ұрпақты адал азамат ретінде қалыптастыруға жұмылдыру ісіне баса мән беріп отырғанын айтты.

Осы мақсатта министрлікте жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыруға тікелей жауапты Тәрбие ісі жөніндегі департамент құрылды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы 2023 жылы пилоттық режимде енгізілді. 2024 жылы мазмұны толықтай жаңартылып, барлық білім беру ұйымында іске асырыла бастады. Енді жана атау алып отыр. Яғни, білім ордаларындағы тәрбие жұмыстарын бір жүйеге түсіру бағытында нақты бетбұрыс жасалды.

— Еліміздегі 20 мыңға жуық балабақша, 7 мыңнан аса мектеп және 700-ден аса колледж жана тәрбие бағдарламасын іске асырады. Бағдарламаның өзегі «Әділетті Қазақстан — Адал азамат — Озық ойлы ұлт» идеологиялық ұштағымен астасып жатыр. Оның мазмұны ел

Президенті атап көрсеткен, ұлттың жана келбетін қалыптастыратын алты құндылыққа сәйкес жүйеленген, — деді Е.Оспан.

Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Ерлан Қалмақовтың мәліметінше, бағдарламаның негізгі тетігі — күнделікті, апта және ай сайын жүйелі іске асырылатын қадамдар. Мысалы, білім алушылардың үзіліс кезіндегі бос уақыты асық, тоғызқұмалақ, бес тас ойнату арқылы ұйымдастырылады. Мектептің ішкі кеңістігі құндылықтарды айшықтайтын бейнелермен, пайдалы мәліметтермен, нақыл сөздермен безендіріледі.

— Әр оқу аптасын Әнұранмен бастау — тәуелсіздік пен отаншылдық рухын бекемдейді. Апта дәйексөздері білім алушыларды нақты құндылықтарға үндеп, сабақтан тыс уақыттағы әрекетін соған бағдарлайды. Әр сынып сағатының 10 минуты оқушылардың жеке қауіпсіздігіне арналып, «Қауіпсіздік сабақтары» аясында техногендік және табиғи апаттардан, интернеттен, нашакорлықтан, басқасынан төтеніп қатерлерден қорғану дағдыларын дамытады. Ай сайын зиянды әдеттердің алдын алу шаралары ұйымдастырылады», — деді Е.Қалмаков.

«Балалар кітапханасы» білім алушылардың оқу сауаттылығы мен оқырмандық мәдениетін өркендетіп, рухани кемелдікке бастайтыны айтылды. Оның аясында жас оқырмандарға ұсынылатын 2,6 мыңға жуық кітап іріктеліп, тізімі бекітілді. Бүгінде бұл тізімге сай кітапхана қоры толықтырылып жатыр. Бағдарлама шеңберінде мектеп кітапханасының қорын жыл сайын 2 млн данаға көбейту көзделіпті.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы — еліміздің әрбір мектебінде біртұтас тәрбиелік орта қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Тәрбие лайықты жүрсе, жас ұрпақ адал, парасатты, әділетті әрі жауапкершілігі жоғары тұлға болып қалыптасып, Қазақ елін жаһандық жана белестерге шығаратын күшке айналады.

Елдос СЕНБАЙ

БІЛІМ МЕН БҮГІН

Биыл бакалаврда білім алу үшін 77 мың грант бөлінген. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, экономикаға инженерлік, су және энергетика, жол құрылысы, көлік, әуе жолдары мен темір жол саласындағы мамандар қажет. Ал талапкерлер арасында медицина, педагогика, инженер, биотехнология мен жеңіл өнеркәсіп, тау-кен ісі мамандығына сұраныс көп. Одан бөлек, қоғамда жоғары білім алмай-ақ курс оқып, ақша тапсам дейтін көзқарас бар.



МАМАНДЫҚ ЕМЕС, МАРКЕТИНГ ҰТЫП ТҰР

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

КУРС ОҚЫП, ТАБЫС ТАПТЫМ...

Қазір мектеп бітірген соң ЖОО-ға түспей-ақ, түрлі курс оқып, жоғары білім алып жүргендер бар. Қала берді мектеп оқушысы тойға шығып, мобилограф ретінде бір видеоға 5 мың тенгеден 15 мың тенгеге дейін ақы алады. Осыған байланысты әлеуметтік желіде бір дәрігер мобилографтардың жоғары ақы алатынын, ал дәрігерлер 250-300 мың теңге жалақыға жұмыс істейтінін жазған. Содан ба қазір төрт жыл бір оқуды «мүжігенше», сол аралықта қыскамерзімді бірнеше курс оқымаймын ба дейтін ұстаным да бар. Бірақ өзі қалаған мамандыққа грантка оқуға түсе алмаған соң, хоббиін кәсіпке айналдырып, пайда тауып отырғандар да бар. Соның бірі — тігінші Бакдәулет Парсаханов. ҰБТ тапсырып, 91 балл жинағанымен, өзі қалаған мамандыққа грантка түсе алмаған. Содан белгілі тігіншінің курсын 600 мың теңгеге сатып алған. Басында тігіншінің кө-



мекшісі болып жұмыс істеп, қазір өзі дүкен ашуға қамданып жүр. Классикалық костюм тігіп, одан қалса костюмді калай киіп, калай тандауға керекті жөнінде блог жүргізеді. Дегенмен Бакдәулет жоғары білім алуға ниетті. Жағдайы реттелсе, өзі қалаған мамандықты меңгеріп шығады.

Сол сияқты қоғамда көк қағазды көбірек табу үшін құжаттың не керектігі туралы түсінік бар. Профориентологтің айтуынша, жастардың пікірі екіұдай болғанымен, академиялық білімнің маңызын ешкім сызып тастаған жоқ.

«Шынтауайтында, жастар арасында бұрынғыдай «диплом алу керек» дейтін қағида жоқ. Оған себеп — дипломыз-ақ курс оқып, жақсы табыс табуға болатын мамандықтың көбеюі. Оның ішінде медиа, IT, дизайн саласы болсын курс оқып, жұмыс істеуге дағдыланған. Көбінесе, диплом емес, тәжірибе мен дағды маңызды. Десе де, диплом өзінің маңызын жоймайды. Мемлекеттік, академиялық ортада әлі күнге дейін диплом талап етеді. Төрт жылдық білімді қыскамерзімдік курспен салыстыруға келмейді. Өйткені бұл академиялық білім, бұл жерде академиялық, ғылыми тұжырымдама негізінде білім алады. Одан бөлек, кейбір мамандықты курс арқылы оқып білу мүмкін емес. Қазір университеттің көбісі 3 жылдық білім беру бағдарламасына көшіп жатыр. Яғни, үш жылдың ішінде төртжылдық білімді игеріп шығады. Жаңадан ашылған көп университетте осы үшжылдық білім беру жүйесі

бар», — дейді профориентолог Жасұлан Бостандықұлы.

Иә, кейінгі бес-жеті жыл ішінде елімізде қыскамерзімді курс арқылы SMM-маман, графикалық дизайнер, веб-программист, копирайтер, видеомонтажер болып болып табыс тауып жүргендер бар. Оған қоса, фриланс пен кәсіпкерлікте де диплом маңызды емес. Жауапты, нәтиже көрсете алатын тәжірибесі бар маман болсаңыз жетіп жатыр. Белгілі бір курсты оқыған соң, бірден табыс таба алмайтыныңыз тағы бар. Бастапқыда тегін немесе жарты бағасына келісіп, жұмыс істеп, портфолио жинайсыз. Былтыр LinkedIn жариялаған мәлімет бойынша, digital саладағы жұмыс берушілердің 80%-ы skills over degree принципін ұстанады. Яғни, оларға дипломнан гөрі тәжірибе маңызды.

Оның үстіне, жыл санап елімізде EdTech (білім беру технологиялары) нарығы кеңейіп жатыр. Естеріңізде болса, пандемия кезеңінде онлайн білім алу, кәсіп менгеру кең етек алды. Stepik, Coursera, Skillbox, Serpin, Bilim Media Group, QWANT, MARS Academy, Result School сияқты платформа арқы-

осы аралықта жоғары білім беруді қолға алды. Қазір AlmaU, Astana IT сияқты бірқатар университетте үш жылдық білім беру бағдарламасы бар.

Үш жылдық білім беру жүйесі демекші, биыл AlmaU университеті алғаш рет осы бағытта білім алған түлектерін «шығарып» салды. Университет маманы: «Бұл — заман талабына сай, жүйеленген шешім», — дейді.

«Біз 3 жыл бұрын осы білім беру бағдарламасына көштік. Биыл алғашқы түлектер диплом алды. Бұл — нарық талабы. Қазір бірқатар мамандық бойынша 4 жыл университетте оқудың қажеті жоқ. Сондықтан біз тәжірибеге негізделген үшжылдық бағдарламаға көштік. Жоғары білім — ол тек кәсіпке (профессияға) дайындау ғана емес. Сондықтан кей мамандық үшін 2 жыл аз. Себебі университеттің әлеуметтік институт ретінде жан-жақты тұлғаны қалыптастыру сияқты миссиясы да бар», — дейді AlmaU университетінің академиялық даму жөніндегі проректоры Әсел Арын.

Проектор сөзін профориентолог та құптап отыр. Оның айтуынша, университет берген академиялық білімді ешбір курс бере алмайды. Төрт жыл ғылыми бағытта, күнделікті өмірге қажет емес дүниені оқу мүмкін екенін де ескертті. Бірақ «бұл — академиялық білім» деп аталатынын ұмытпауды қосты. Одан қала берді, университетте оқу ол диплом алу емес, университетте оқу — орта табу, өзінің қабілетінді шыңдау екенін айтты. Аталған жылдар ішінде университет жүріп тіл үйреніп немесе басқа қабілеті менгеруге болатыны да рас. Оның пікірінше, университетке барған не бармаған баланы салыстырсақ, біріншісінің өзін-өзі ұстауы, жүріс-тұрысы, этикасы бірден білініп тұрады. Адамды орта тәрбиелейтіні рас болса, ол дипломмен қатар өзін тәрбиелеуге мүмкіндік алады.

«Мысалы, өзім Экономика факультетін бітірген соң, алдыма осы саланы тандаған балалар келеді. Арманы — бастық болу, менеджер болу. Барлығы «Басқару және менеджмент» білім беру бағдарламасына оқуға түскісі келеді. Соның ішінде менеджер боламын дейді. ҰБТ тапсырмай-ақ екінің бірі менеджер бола алатынын алға тартамын. Менеджер болу — білім емес, дағды. Адамда менеджерлік талант болады. Менеджерлікті курспен оқып алуға болады. Айналырған төрт функциясы бар, соны игерген адам менеджерге айналып шыға келеді. Осы тұрғыда атына қызығып емес, болашағына, дамуына қарап, мамандық тандау керек. Менеджер боламын дейтін баланы барынша басқа мамандыққа жіберуге тырысамын. Менеджер банкте де, басқасында да менеджер. Банктегі менеджер қатардағы консультанттан бастап көтеріледі. Яғни, адам менеджер болуды жұмыс барысында игеруі мүмкін. Сондықтан бұған төрт жыл уақытты сарп етудің қажеті жоқ», — дейді профориентолог Жасұлан Бостандықұлы.

АҚШ-та мектеп бітіргеннен кейін біржылдық демалыс алатын кезең бар. Оны «gap year» деп атайды. Бір жыл ішінде ол өзіне не қажетін анықтап, түрлі салада өзін сынап көруіне болады. Әлде біздегі білім жүйесіне осындай аралық қажет пе? Өйткені мамандар қыскамерзім ішінде алған білім үнемі толықтыруды қажет ететінін айтады. Аталған кезең ішінде кәсіби білім алудың маңызын түсіне жатар.

Білім беру миграциясы — бұл қазіргі жаһандану дәуіріндегі кең таралған құбылыстың бірі. Ол кейбір ел үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашса, енді бір ел үшін экономикалық және демографиялық даму тұрғысынан елеулі қауіп төндіруі мүмкін. Бүгінде шетелде білім алушылар саны үздіксіз өсіп келеді. Бұл үрдіс сапалы білімге деген сұраныстың артуымен қатар, әлемдік университеттер арасындағы үздік студенттер үшін жүріп жатқан бәсекелестікпен де байланысты.

ЖОЛДЫҢ АРҒЫ БЕТІ: ШЕТЕЛ АСУ АРМАН БА?



Әсет ҚАЛИ

МӘСЕЛЕНІҢ ТӨРКІНІ ҚАЙДА ЖАТЫР?

Мамандардың айтуынша, жастардың шетелге кетуіне әсер ететін негізгі фактордың бірі — жалақының төмендігі. Әсіресе, кейбір мамандықтар бойынша айлық табыс жастардың өмір сүру сапасына жеткіліксіз. Нақты айтқанда, бұл мәселе ең алдымен еңбек пен оның нәтижесі арасындағы теңсіздіктен туындайды. Қазақстанда мұғалімдердің орташа айлығы 150 мыңнан 600 мың теңге аралығында болса, дәл осы мамандық иелері Швейцарияда ай сайын шамамен 6 240 доллар (яғни, 2,8 миллион теңгеге жуық) табыс табады. АҚШ-та бұл көрсеткіш — 3 900 доллар көлемінде. Германия, Норвегия, Жапония секілді дамыған елдерде де жалақы бірнеше есе жоғары. Бұл тек білім саласына ғана емес, медицина, инженерия, IT сияқты жоғары сұранысқа ие салалардағы мамандарға да қатысты.

Тағы бір басты себептердің бірі ретінде жұмыссыздық мәселесі екені де даусыз. Ресми деректерге сүйенсек, 2023 жылы бұл көрсеткіш 4,8% болса, 2024 жылы 4,6%-ға төмендеген. Ал 2025 жылы жастар жұмыссыздығы 3,3%-ды құрады. Бұл цифрлар оң үрдісті көрсеткенімен, жұмыссыз жүрген жастардың саны әлі де баршылық. Ең басты мәселе — жұмыс бар болғанымен, оның мамандыққа сай келмеуі. Университет қабырғасынан енді шыққан түлектердің біразы мамандығы бойынша жұмыс таппай, мүлде басқа салаға бет бұруға мәжбүр. Бірі саудамен айналысса, енді бірі қарапайым жұмысшы қызметіне орналасады.

Ал өз саласында жұмыс істеуге мүмкіндік таппаған немесе жалақысы төмен, болашағы бұлыңғыр қызметтерге көңілі толмаған жастар шетелге көшуге бейім болады. Олар шетелден неғұрлым жоғары жалақыны, мамандығына сай жұмыс табу мүмкіндігін және әлеуметтік қолдауды күтеді.

— Жастарымыздың шетелге оқуға кеткенінен проблема жасауға болмайды. Мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасымен қаншама жастарымыз шетелде білім алды. Оның көбі қайтып келіп, елімізге қызмет істеп жүр. Тіпті, сол жақта қалып кеткен азаматтарымыздың өзі қандай ниетпен қалғанына қарамастан, жанама түрде болса да елге пайда келтіреді. Яғни, сонда қалып азаматтарымыз түрлі деңгейде Қазақстанды шетелге танытуға қызмет етіп жүр.

«Болашақ» бағдарламасынан өзге кейбір елдердің Қазақстан азаматтарын оқытуға бөлген мемлекеттік гранты бар. Мәселен, менің ұлым Венгрия үкіметі бөлген мемлекеттік грантпен Дебрецен университетінің магистратурасын инвестиция саласы бойынша бітіріп, қазір елде қызмет етіп жүр, — дейді белгілі ұстаз, қоғам қайраткері Өмір Шыныбекұлы.

ҮМІТІН СЫРТТАН ІЗДЕГЕН ҰРПАҚ

Бірнеше жыл қатарынан жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар мен зерттеулер жастардың өмір сүру сапасын, білім беру деңгейін, жұмысқа орналасу мүмкіндігін, саяси тұрақтылықты өздері таңдаған елдермен салыстыра отырып, шешім қабылдайтынын көрсетті.

Алматыдағы PaperLab зерттеу орталығының деректеріне сүйенсек, жастардың 42%-ы шетелге көшуге дайын екенін немесе көшуге ниетті екенін айтқан.

Ал Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2024 жылы Қазақстаннан шетелге 12 800 адам көшіп кеткен, оның ішінде 37,5%-ы — 20 мен 35 жас аралығындағы жастар. Бұл 4 800-ден астам жас азаматтың өз болашағын туған елден тысқары жерде көріп отырғанын білдіреді.

Жастар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері қазіргі буынның шетелге көшуге деген көзқарасын ашып көрсетті. Зерттеуге қатысқан респонденттердің тек 3,8%-ы ғана шетелде білім алып, сол жерде тұрақтап қалған. Ал 8,8%-ының Қазақстаннан тыс жерде алты айдан артық уақыт тұрған тәжірибесі бар. Бұл ретте жастардың басым бөлігі — 64,8%-ы шетелде оқымаған, тұрған емес және алдағы уақытта көшуді жоспарламайды. Дегенмен 26,7%-ы болашақта елден кетуге ниетті екенін жеткізген.

Шетелге көшу ниеті жас ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отыратыны байқалды. Шетелде оқуды және өмір сүруді қалайтын жастардың 33,2%-ын 14–19 жас аралығындағы жасөспірімдер құраса, әрбір төртінші адам — 25–29 жастағы азаматтар. Зерттеушілер бұл көрсеткішті үлкен жастағы жастардың өмірлік жағдайын тұрақтандырып үлгергенінің көрінісі деп бағалайды. Себебі бұл жас шамасындағы азаматтар көп жағдайда білім алып, отбасын құрып, тұрақты жұмысқа орналасып үлгерді. Демек, адам есейген сайын эмиграцияға ұмтылу деңгейі төмендейді.

Сауалнамада жастардың шетелге көшуге деген жаппай ниеті де сұралған. Нәтижесінде, жастардың 61,6%-ы басқа елге көшуді қаламайтынын ашық білдірген. Ал 11,5%-ы мүмкіндігінше тезірек кеткісі келетінін айтса, 17,1%-ы «көшетін уақыт келеді» деп есептейді.

Нақты мамандықтар бойынша да қызықты деректер бар. 2024 жылы кеткендердің ішінде 1 677 адам — жоғары білімді мамандар, 843 адам — техникалық сала қызметкерлері, 445 адам — экономистер, 249 адам — педагогтар, 132 адам — заңгерлер, 222 адам — сәулет және құрылыс саласының мамандары.

Студенттердің шетелге кетуінің тағы бір себебі — шетелдерде білім сапасы жоғары деген пікір әрі азаматта бар. М.Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ университетінің Басқарма басшысы Талғат Нәрікбаев студенттерді елімізден кетуге тыйым салу мүмкін емес, бірақ мемлекет азаматтардың қалуы үшін бар жағдайды жасауы қажет деп санайды.

— Әрине, әрбір жас бай, табысты, кәсіби маман болғысы келеді. Сол себепті жастарды елімізден кеткісі келмес үшін мемлекет оларға барлық жағдайды жасауы тиіс, еңбек нарығында жалақы мөлшері жоғары болуы қажет. Сондай-ақ мамандарды жұмысқа алу процесі ашық жүргізілуі керек. Жастар жұмысқа танысы, туысы арқылы емес, кәсіби біліктілігінің арқасында адал жолмен орналасуға тиіс, — деді Талғат Нәрікбаев.

Еліміздегі жас өрендеріміздің жаппай шетелге кетуі — ұлттық мәселедегі дағдарысқа жататын түйткіл. Бұл үрдісті тек табиғи көші-қон ретінде қабылдау қателік болмақ. Бұл бір жағынан, қоғамдағы сенімнің қаншалықты әлсіз екендігінің көрінісі. Сондықтан елге деген сенімді қайта қалпына келтіруіміз керек. Жастар тек материалдық игілік үшін ғана емес, мағынасы бар өмір үшін де кетіп жатыр. Ал егер Қазақстан жастарға сол мағынаны, мүмкіндікті, еркіндікті бере алса, олар шайқайда кетпейді. Тіпті, кеткендері де қайтып оралуы бек мүмкін.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

24 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНЫ

Жыл сайын әлем бойынша 11 миллионнан астам адам пластикалық хирургтің қызметіне жүгінеді. Бір ғана эстетикалық медицинасы қарыштап дамыған Оңтүстік Корея елінде 19 бен 30 жас аралығындағы әрбір үшінші тұрғын өз еркімен пышаққа түсіп, пластикалық ота жасатады. Өйткені онда адамның келбетті болуы – оның қызметте табысты болуының кепілі. Білім мен біліктіліктен бөлек, бұл елде қызметке қабылданып жасқа қойылатын ең басты талаптың бірі де – осы. Осыған орай пластикалық хирург, PHD доктор Айна Досанмен аталған саланың көпшілік біле бермейтін кейбір мәселелері, пластикалық оталардың зияны мен пайдасы туралы сөйлестік.

— Уақыт алмасып, заман өзгерген сайын эстетикалық медицина саласы да дамып келе жатыр. Сәйкесінше, соған қарай жана быоти-стандарттар пайда болуда. Осы тұрғыдан келгенде еліміз пластикалық хирургия саласының бүгінгі тынысы қалай? Болашағы туралы не айтар едіңіз?

— Иә, дұрыс айтасыз. Қазір пластикалық хирургия дүниежүзіндегі топ 5 хирургияның біреуі болып отыр. Әлемнің әр елінде жыл сайын мыңдаған пластикалық операция жасалынады. Әсіресе, бұл тұрғыда Еуропа мен Америка, Оңтүстік Корея елдерінің қара үзіп алға шыққанын айтпасақ болмайды. Адамның өмір сүру салты, оның тұрмыс жағдайы жақсарған сайын медицинаның эстетикалық саласына жүгінетіндер саны артпаса, кемімейтін сияқты. Қазақстан да бұл үдерістен тыс қалып жатқан жоқ. Халықтың өмір салты бізде де өзгеріп жатыр. Адамдар бұрынғыдай денесіндегі тыртығымен, болмаса көзге көрініп тұрған кемшілігімен өмір сүргісі келмейтін болған. Мүмкіндігі болса, ондай кемістіктерін мүлде жойып жіберіп, алдырып тастауға, сырт көзге байқалмайтындай етіп, бет-әлпетінің кескінін немесе мүсінін бұрынғысынан әлдеқайда жақсартуға тырысады. Өмір салты өзгерді деп айтып отырмын ғой. Соған сәйкес, кеңседе отырып істейтін жұмыс түрлері көбейді. Сәйкесінше, қозғалысты көп қажет етпейтін мамандықтар саны артып келеді. Соған қарай нақты бір пластикалық ота түрлеріне деген сұраныс та жоғары. Бұл құбылыс біздің қоғамда жасырын емес. Мәселен, қазір липосакция, яғни майды сору операциясына деген сұраныс көп. Сонымен қатар қазір жеке тұлғаның өзін-өзі идентификациялауы, яғни өз ерекшелігін айықтап, өзін әдемі етіп көрсетуге тырысуы, айналасына өзін-өзі танытуға, көрсетуге деген құлшынысы басым. Ал ол жерде әдемілік, сымбаттылық бірінші орында тұрады. Қоғамда адам өзінің тартымдылығы арқылы тауарына не болмаса көрсететін қызметіне сұранысты арттыру сипаты белең алған. Сол себепті осындай тенденция бірінші орында тұрған кезде, оған деген сұраныстың да арта беретіні анық. Қазір елімізде пластикалық хирург болғысы келетін дәрігердің саны көп. Жылдан-жылға артпаса, кемімейді. Өйткені көбі бұл мамандықты сұранысқа ие әрі табысты кәсіп деп санайды. Маған да «Оқытасыз ба, өз шеберлігіңізді үйретесіз бе?» деп келетіндер көп. Соған қарағанда, бұл саланың болашағы зор деп ойлаймын. Бізде де мықты дәрігерлер бар. Осыдан жиырма жыл бұрын тәжірибенің каншалықты десе, көбі күмілжіп, жауап бере алмай қалатын еді. Қазір он жылдан аса тәжірибесі бар мамандар баршылық. Шетелдік әріптестерімізден де көп нәрсе үйреніп жатырмыз.

ОТА ЖАСАТСА ДА, ТАБИҒИ БОЛМЫСЫНАН АЖЫРАМАУЫ КЕРЕК

— Әркімнің қалауы, талғамы деген мәселе бар ғой. Сол тұрғыдан келгенде пластикалық отаның нәтижесі неге байланысты? — Пластикалық отаның нәтижесі бір қарағанда ота жасалғанын ажырата алмайтындай, байқалмайтындай, көзге ұрып тұрмайтындай болуы керек. Яғни, барынша табиғи болғаны маңызды. Қазір бұрынғыдай емес, пластикалық хирургияға жүгінетіндердің басым бөлігі ота нәтижесінің барынша табиғи болғанын қалайды. Әр дәрігердің ота жасауда өзінің әдіс - тәсілі бар. Бірақ бірінші орында пациенттің қалауы тұратыны анық. Сол себепті онымен терен, жан-жақты байланыс орнатып, оған нақты не керек екенін түсініп алудың маңызы зор деп ойлаймын. Хирургиялық коррекцияның жай-жапсарын алдын ала ақылдасып, өзара келісіп жасағанда ғана нәтиже ойдағыдай болатыны сөзсіз. Бұл жерде адамның анатомиялық ерекшеліктерін сақтау өте маңызды. Сонымен қатар әр халықтың өзінің ұлттық ерекшеліктерін біледі. Сол ерекшеліктерді сақтау да маңызды. Менің әу баста алдыма қойған мақсатым — ешқашан жасандылыққа бармау. Адамның бет жүзіне ота жасаған кезде барынша оның табиғи болмысын, Құдай берген түр-әлпетінің ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысамын. Адам қандай ота жасатса да табиғи болмысынан ажырамауы керек, табиғатынан алыстамауы керек деген ұстанымдағы адаммын. Мыса-



Айна ДОСАН, пластикалық хирург, PHD доктор:

ПЛАСТИКАЛЫҚ ХИРУРГ БОЛҒЫСЫ КЕЛЕТІНДЕР КӨП

лы, сіз Жанар болсаңыз, отадан кейін көрген адам сізді Жанар деп тануы керек, солай қабылдауы керек. Егер сізді танитын адамдардың көз алдында мүлде басқа адам тұрса, пластикалық хирург сізді адам танымастың өзгертіп, басқа адамға айналдырып жіберсе, көп жағдайда ол — отаның сәтсіз шыққаны деп есептеймін. — Қазір әлем бойынша артық салмақтан зардап шегетіндер саны жылдан-жылға артып отырғаны белгілі. Мұны ғасыр дерті десек те болғандай. Сәйкесінше, жоғарыда өзіңіз айтып өткендей, артық майдан арылтатын отаға деген сұраныстың көбейгені ешкімге жасырын емес. Оның соны қайғылы жағдайға алып келген бірінші-екінші оқиғаларды да білеміз. Пластикалық отаның ең күрделі түрі саналатын осы ота адам денсаулығына каншалықты қауіпті? — Дәрігерлер арасында «Дұрыс емес емделуші» деген түсінік бар. Егер сондай ең алушыға тап болсаңыз, ол тәуекелі көп отаға жатады. Ол — өте ауыр салмақпен келген адам. Мұндай пациентке ота жасау зиян әрі өте қауіпті процедура. Оның кері әсері өте көп. Липосакциядан кейін пациенттің денесі келдір-бұдыр боп қалуы мүмкін. Яғни, дене бұрынғыдай біртегіс болмай қалады. Одан бөлек, май «эмболиясы» деген болады. Ауыр салмақтағы адамға жасалған ота сондайға дейін алып келеді. Бұл дегеніміз не? Адамнан өте көп мөлшерде май алған кезде майдың біраз бөлігі ыдырап кетеді, ериді. Ал еріген майдың канға еніп кету қаупі зор. Ол майдың эмгульсия түрі. Май қышқылы дейміз. Мұндай жағдайда оның соңы өлімге алып келуі мүмкін. Оны сізге қарапайым тілмен бірге жазайы деген кезде біраз бөлігі етпен бірге қалады да, біраз бөлігі сорпаның бетіне шығып кетеді ғой. Бұл да сондай процесс. Майды сорған кезде еріген май қан тамырларының ішіне кіріп, оны бітеп тастайды. Бұл өте қауіпті. Майды өте көп мөлшерде алғанда оның арты қайғылы жағдайларға алып келетіні сондықтан. Ал егер бұл операцияны өзінің тиісті көрсеткіштерімен жасайтын болса, бұл қауіпсіз. Адам ағзасына айтарлықтай зияны да болмайды.

АЛҒАШҚЫ ОТАНЫ ӘЖЕМЕ ЖАСАДЫМ

— Операция үстінде қандай да күтпеген жағдайлар, төтенше оқиғалар бола ма? Болса қандай?

— Енді хирургия болған соң онсыз болмайды ғой. Ара-тұра ондай жайттар болып тұрады. Қалай болғанда да хирург күтпеген жағдайларға дайын болуы керек. Күтпеген жағдай болған күннің өзінде шұғыл қолданылуы тиіс шаралар алдын ала ойластырылып қойылған. Анестезиолог бар, жедел көмек көрсететін түрлі маман бар. Ондай сәттерде біз бірлесіп әрекет етеміз. Емделушілердің барлық көрсеткіші мониторға қосылып, жағдайын толық бақылап

тұрамыз. Жүрек қағысы, қан қысымы бәрі алақандағыдай көрініп тұрады. Бұрын мұндай құралдар болмаған кезде де адамның түрінен, бет әлпетінен қандай да бір жайсыздықты байқасақ, бірден шара қолданатын едік.

— Студент кезіңізде үй жағдайында әжеңізге ота жасағаныңызды естіген едім. Рас па?

— Ол енді таза пластикалық ота болатын. Пластикалық хирургиядағы ең алғашқы пациентім — әжем болды. Мен ол кезде әлі студент едім, өзіңіз айтқандай. Әжеме отаны тәжірибе үшін, болмаса қызығушылықпен жасағам жоқ. Жасауға мәжбүр болдым. Әжемнің жағдайы қатты асқынып кеткен болатын. Екі жыл қатарынан көз аурулары ауруханасына түсті. Үш рет ауруханадан шығарып тастады. Біресе қан қысымы жоғары болғандықтан отаға жарамайды дейді, біресе денсаулығында ақау бар дейді. Қан сараптамалары да дұрыс шықпай, отаны кейінге шегере берді. Кейіннен тіптен «операцияны көтере алмайды» деп дәрігерлер ота жасаудан бас тартты. Ал әжемнің жағдайы күннен-күнге нашарлап, жағдайы қиындай берді. Ол кісінің кірпігі ішіне қарай өсіп кеткен еді. Төменгі қабақтың терісі босаған кезде бұлшық еттер әлсіреп, кірпіктерді сыртқа қарай тартып тұра алмай қалады. Сол себепті кірпік ішке кіріп өседі. Сөйтіп, көздің беткі қабаттарын тітіркендіріп, ол жерде жара пайда болады. Қайта-қайта іріңдеп, әжем қатты қиналып кетті. Көруіде нашарлай бастады. Жарыққа мүлде қарай алмайтын болып қалды. Күні бойы қаранғыда отыратын болды. Ылғи көзінен парлап жас ағады да тұрады. Көрген сайын әжеме жаным ашып, жүрегім ауырып жүретін. Содан бір күні ойладым, тағы жатқызсақ, аз күн емдейді де тағы шығарып тастайды. Одан да өзім ота жасап көрейін деп шештім. Атамның құрал-саймандарын сұрап алдым. Ол кісі өмір бойы хирург болған адам еді. Бірақ ол кезде құралдар қазіргідей бір реттік емес. Сондықтан құралдардың бәрін алдын ала қайнатып, залалсыздандырып алдым. Сөйтіп, осындай қадамға баруға мәжбүр болдым. Амассыздан. Бұл — хирургиялық тұрғыда дұрыс емес еді. Сөйтіп, өзімнің тұңғыш пластикалық операциямды үй жағдайында, әжеме жасадым.

ДӘРІГЕР АДАМНЫҢ КЕМШІЛІГІН БІРІНШІ АЙТПАУЫ ҚАЖЕТ

— Пластикалық хирургияда ең маңыздысы не?

— Пациент өзінің не қалайтынын нақты білуі керек. Осы жерде айта кетейін, бізге келетін пациенттердің көбі өзіне не керек екенін білмей келеді. «Маған анау айтты, мынау айтты, анам ондай жасат делді», — дейді. «Жігітім мына жерінді жасат деп айтты» деп келетіндер де бар. Өздеріне сол отаның керекі болса да, жоқ па білмейді.

Сол себепті мен кеңес беру кезінде бәрін ашық айтып, бетін ашып алуға тырысам. Бірақ негізінен мен өзім бірінші болып проблеманы көрсетпеймін. Алдымен өзінен сұраймын. Өйткені мен көріп тұрған проблеманы, денесіндегі болмаса бет әлпетіндегі ақауды, кемістікті ол өзі оған дейін байқамауы, білмеуі мүмкін. Ал егер мен бірінші болып айтсам, ол соны миына құйып алады. Сөйтіп, жатса, тұрса соны ойлайды. Денесінде көзге көрініп, мен мұндалап тұрған тыртығы немесе кемістігі болса да мен бірінші болып айтпаймын. Өзі ол кемістігін біліп, айтып тұрса ғана әрі қарай ол проблемамен жұмыс істеген дұрыс деп санаймын. Адамның кемістігін, денесіндегі кемшілігін бетін бар, жүзін бар демей айта салған дұрыс емес деп ойлаймын. Кейбір дәрігерлер бар, адамның кемістігін өздері бірінші болып айтып, былайша айтқанда, оны еріксіз отаға итермелейді. Ондай тәсіл дәрігерлік этикаға да, адамшылыққа да жат деп ойлаймын.

— Бір әңгіменізде «Ресейде оқып, кейін Корея, Қытай елдеріне барғанда көптеген айырмашылықты байқадым. Оларда пластикалық хирургия ТМД елдерінен көш ілгері екенін, мүлде басқа бағытта дамып кеткенін түсіндім» деп айтқан едіңіз.

— Осыдан жиырма жыл бұрын пластикалық хирургия бізде бұрын-соңды болмаған, бұған ешкім ден қоймаған мамандық болды. Ол кезде елімізде аталмыш мамандарды дайындайтын оқу орны да болған жоқ. Әрине, арнайы медициналық білімі, оның ішінде хирургияны оқыған мамандар болған шығар. Дейтұрғанмен, арнайы пластикалық хирургияға қатысты білімі де, біліктілігі де бар маман болған жоқ. Мен сол кезде алғашқылардың бірі болып Ресейден оқып келдім. Енді оқыған салам бойынша жұмыс істейін десем, неден бастарымды білмеймін. Маған бағыт беретін, мен үйренетін, тәжірибе

дай шығар деп ойлайтынмын. Сол себепті Кореяға барғанда отадан кейін пациенттерді үйіне жібере салғандарын көріп, «Көзі көре алмай қалмай ма? Жолда бір-нәрсе болып қалса ше?» деп әбден мияларын ашытқаным бар. Айтайын дегенім — сонда жүріп олардың отаға деген қарым-қатынастарының, әдіс-тәсілдерінің ТМД елдерінен мүлде бөлек екенін, бізден түбегейлі басқаша екенін көрдім. Көз жеткіздім. Кейін сол жақтан үйреніп келгенімнің бәрін осында, өзімнің пациенттеріме қолдандым.

— Сіз ғылыми түрде қорғап, дәлелдеген әдісіңізді патенттеп алдыңыз ба?

— Иә, өзімнің методикам бойынша екі патент алдым. «Өнертапқыштық патенті» дейді оны. Екі патент те маған жоғарғы қабақ блефаропластикасының хирургиялық методикасы бойынша берілді. Сонымен қатар бес авторлық куәлікке ие болдым. Біле білсеңіз, медицинада авторлық куәлік деген де көркем шығарма тәрізді құнды дүние. Бірақ бұл ғылыми құндылыққа жатпайды. Ғылыми құндылығы бар дүние — ол патент. Бізде көп адам осы авторлық куәлікті жасатып алып, «Менің авторлық куәлігім бар» деп көрінген жерде соны алға тартып жатады. Оны алу үшін ғылыми дәлелдеуден бөлек, шетелдік ғылыми журналдарда материал жариялауың керек болады. Ал патентке келетін болсақ, патенттің өзі бір жарым жыл бойы қаралады. Арнайы комиссия соған лайық па, жоқ па, сен біреуден көшіріп алған жоқсың ба деген сияқты мәселелерді мұқият зерттейді. Плагиат емес пе деп тексереді. Сенің ғылыми жұмысыңның ішінде бір ғана пункті басқа біреудің жұмысымен сәйкес келіп қалса, ол жұмыс қайтарылып беріледі.

— Пластикалық хирургияда аутопластика, яғни қажетті тінді науқастың өз денесінен алу, гомопластика — тінді басқа адамның денесінен алу және гетеропластика — тінді жануарлардан алу сияқты тәсілдердің қолданылатынын хабарым бар. Сіздерде осындай тәсілдер қолданыла ма?

— Қажет болып жатса, неге пайдаланбаймыз?! Кейде күйіп қалған адамдарда тері жетіспеушілігі болады. Тері деген де адамның маңызды бір ағзасы ғой. Тері жеткіліксіз болса адамның қозғалысы қиынға түседі. Сонымен қатар тері — адамның қорғаныш қабаты. Мәселен, адамның денесі 80-90 пайыз күйікке шалдықты дейікші. Теріні қайдан аласыз? Ондай жағдайда, ксено тері дейміз, соны пайдаланамыз. Көп жағдайда шошқа терісін пайдаланамыз. Күйген жерге шошқаның терісін жабыстырамыз. Жүз пайыз түгел қалмаса да қорғаныс қабаты болып аздаған бөлігі адамның денесінде қалады. Соның өзі әрі қарай қолайлы жағдай жасауға жеткілікті болады. Мұндай жағдайда терінің эстетикалық сапасы екінші кезектегі мәселе болып қалады. Ең бірінші кезекте адамның өмірі тұрады. Әрине, егер жетіп жатса, адамның өзінің денесінің басқа жағынан әкеліп, саламыз.

— Болашақта пластикалық хирургияда дінгек жасушалардың кеңінен қолданылуы мүмкін деген болжам бар. Ол адамның қартаю процесін тежеуі мүмкін деген де сыбыс айтылып жүр. Ғалым ретінде сіздің пікіріңіз қандай?

— Бұл әлі зерттеліп жатыр. Сондықтан нақты бір тоқтам айту қиындау. Көп елде бұл тәсілді енгізуге тығым салынған. Өйткені әлі зерттеулі, дәлелдеуді қажет ететін дүние көп бұл жерде. Мұның бәрі болашақтың әңгімесі. Дегенмен мен айтар едім, мысалы Жапонияда дін жасушаларын пайдаланып, жанадан тіс өсіріп шығару әдісі қолға алына бастады. Бұл адамның өзінің тіні болғандықтан оның денсаулыққа ешқандай зияны жоқ, біріншіден. Ал екіншіден, ол ағзана тез сіңіп кетеді, ешқандай сыртқа тебу болмайды. Ағзаға сырттан бөтен тін кірмейді. Сол себепті оны ағза да қалыпты қабылдайды. Қазір өкінішке қарай, толық бейбіт өмір сүріп жатырмыз деуге болмайды. Дүниежүзінде оқтын-оқтын соғыстар болып, адам түрлі жаракат алып, ағзаларынан, дене мүшелерінен айрылып қалатын жағдай көп. Қол-аяқсыз қалатындар, денесінің түрлі мүшесі зақымданып, жас сүйегіне зақым келетін, көзі ағып кетіп, су қаранғы соқыр боп қалатындар көп. Осындай жағдайларда дінгек жасушалары адамзат үшін (стволовые клетки) таптырмас тәсіл болар еді деп ойлаймын. Өте керемет болар еді. Жалпы, пластикалық хирургияға қатысты ғылымның болашағы өте зор деп ойлаймын. Бірақ ол әзірге тек ғылыми зерттеуді қажет ететін, толық дәлелдеуді қажет ететін ауқымды жоба ғана. Ал қарқынды тезеуге қатысты жобалар түрлі елде қарқынды жүріп жатыр. Америкада бұл жоблар «анти эйжинг жобалар» деп аталады және көп дүние жасалынып та жатыр. Бірақ оның барлығы тек эксперимент түрінде жүргізілуде. Ал тәжірибе сатысындағы зерттеулерді адамға қолдануға болмайды. Оның шынымен тиімді екені, адам ағзасына зияны жоқ екені дәлелденуі керек. Сонда ғана ол тәжірибеге енгізіледі. Онда да алдымен нақты бір популяцияға тәжірибе жүзінде жүргізіледі. Гендік инженерия қазір қарқынды дамып жатыр. Нобель сыйлығының ауқымды бөлігі осы салаға тиесілі болып отыр. Әлемдік деңгейдегі беделді сыйлыққа гендік инженерияға байланысты жаңалық ашқан ғалымдар ие болады. Болашақта ғылым дамып кетсе, адамдар қартаймайтын болса, пластикалық хирургияға деген қажеттілік те болмай қалуы мүмкін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Жанар КӨРІЗЫМБЕТ

ҚҰҚЫҚ

ҮМІТТЕН БАСТАЛЫП, ӨКІНІШПЕН АЯҚТАЛАДЫ



Замана үдерісіне сай ел мүддесі мен заң үстемдігін қамтамасыз ету тек мемлекеттік органдардың ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті екені рас. Әрбір азамат заң талаптарын құрметтеп, құқықтық мәдениетті бойына сіңіргенде ғана қоғамда тұрақтылық пен тәртіпке негізделген үйлесім қалыптаспак.

Дегенмен құқықтық тәртіп жайлы сөз қозғағанда, соңғы жылдары халық арасында кенінен таралып, сан мыңдаған адамның көкейдегі бар үмігі мен максатын үзіп, қалтасын қакқан қаржы пирамидалары тақырыбынан айналып өте алмаймыз. Қанша құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілсе де, қаржылық алаяқтардың арбауына түсіп, оңай олжаға кенелемін деп, барынан айырылып жатқандар азаймай тұр.

Жыл сайын күшейіп келе жатқан алаяқтықтың бұл түрі, әсіресе Ақмола облысында аса үлкен көлемде белен алған. Соңғы жылдары өңірде бірінен кейін бірі әшкереленіп жатқан қаржы пирамидаларына қатысты деректер бұл мәселенің қоғам үшін қаншалықты өзекті екенін дәлелдей түседі.

АҚМОЛАДА АЛТЫ ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Ақмола облысында атқарылған құқық қорғау органдарының жүйелі жұмысының арқасында бірқатар қаржы пирамидаларының заңсыз әрекетіне тосқауыл қойылды. Облыстағы өңірлік коммуни-кациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында бұл жайында экономикалық

Қоғамдағы құқықтық тәртіп пен заңның іс жүзінде үстемдік етуі – мемлекет тұрақтылығының басты тірегі десек қателес-пейміз. Қазақстанда жүзеге асып жатқан «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы осы ұстанымды басты бағдар етіп алған. Бұл қағидат, ең алдымен, құқықбұзушылықтың алдын алуға бағыт-талған. Себебі тек заң салтанат құрған елде ғана әділет пен теңдік орнығып, азаматтық қоғам өз болмысын толыққанды қалыптастырады. Демократиялық даму жолындағы мемлекет үшін бұл – алға бастар даңғыл жолдың бастауы болары сөзсіз...

тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Сәкен Мушағалиев кенінен таркатып берді.

— Соңғы екі жылда Ақмола облысы аумағында қаржы пирамидасының белгілері бар алты бірдей құрылымның заңсыз әрекеті анықталып, олардың қызметі толықтай тоқтатылды. Атап айтқанда, Chia Tai Pharmaceutical, SincereSystems-GroupLtd, Eolus, Chia Tai Tianging, «Charoit» және Лайм академия секілді күмәнді компаниялардың бөлімшелері таратылып, ұйымдастырушылары қылмыстық жауапкершілікке тартылды, — деді Сәкен Мушағалиев.

Алаяқтықпен күрес аясында жүргізіл-ген тергеу барысында облыс аумағында 2 300-ден астам азаматтың қаржы пи-рамидаларына салым салып, жалпы сомасы 415 миллион теңгеден астам қаражаттан өз қолымен айырылғаны анықталған. Бұл — тек тіркелген фактілердің көрсеткіші. Құқық қорғау органдарының тегеурінді әрекетінің арқасында күдіктілердің мемлекетке қайтарылған мүлкінің жалпы көлемі 10 миллион теңгеден асып жығылған. Сонымен қатар осы уақыт ішінде қаржы пирамидаларын жарнамалап келген үш азамат та қылмыстық жауапқа тартылыпты.

ЦИФРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ МЕН КИБЕРБАҚЫЛАУ – ЖАҢА ҚАУІПТЕРГЕ ТОСҚАУЫЛ

Ведомствоның дерегіінше, биылғы жылы тағы да төрт бірдей қаржы пира-мидасының жолы кесілген. Олардың қатарында BuyersUnion мен S-Group секілді ұйымдар бар. Сондай-ақ, жақында Көкшетау қаласында Lemon атауымен жұмыс істей бастаған тағы бір қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылып, оның шоттарынан 34,5 миллион теңгеге жуық салым алынғаны белгілі болды.

Бұл бағыттағы жұмыстар тек қалалармен шектелмейді. Щучинск, Степногорск және Атбасар қалаларында жұмыс істеген AsarBaspana қаржы ұйымы да жабылып, екі мыңға жуық адам салған 980 миллион теңгеге жуық қаражаттың ізі тергелуде.

Экономикалық тергеп-тексеру де-партаменті алаяқтыққа қарсы күресте цифрлық аландарды да назарда ұстап отырғанын жеткізді. Биылдың өзінде ғана әлеуметтік желілердегі 8 топ пен аккаунттың жұмысы тоқтатылып, заңсыз контент жариялаған 421 сілтеме бұғаттауға жі-берілгені анықталды.

— Бүгінде «желілік маркетинг» атауымен жұмыс істейтін кейбір компаниялардың да әрекеті күмән тудырады. Косметика, дәрі-дәрмек немесе тұрмыстық тауарларды желі арқылы жарнамалап, адамдарды тарту арқылы табыс табуды көздейтін бұл ұйымдардың бірқатарының қызметінде қаржы пирамидасына тән белгілер анықталған. Қазір оларға қатысты тексеру жүргізіліп жатыр, — деп толықтырды департамент басшысының орынбасары.

P.S.

Мемлекет басшысы бастамасымен қолға алынған «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы — еліміздің құқықтық мәдениетін арттырып, әділетті қоғам қалыптастыру жолындағы маңызды бағдарлама. Құқықтық сауаттылықты арттыру — тек мемлекеттің міндет емес, әрбір азаматтың өз болашағына деген жауапкершілігінің көрінісі екенін ұмытпасақ екен. Ал заң үстемдік еткен елде ғана адам құқықтары қорғалып, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық орнамақ...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, елімізде биыл ке-зекшілік-диспетчерлік қызметі пультіне халықтан 1 780 331 қоңырау келіп түскен. Жалпы, статистика бойынша 5 276 адам құтқарылып, 6 717 адам эвакуацияланып, 1 237 зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсетіліпті. Оқыс оқиғалар кейде табиғаттың тосын мінезінен болса, кейде адам немқұрайдығы мен жауапсыз әрекеттерінің салдарынан болады. Кейбір жағдайларда қоғамдық орындарда тәртіпті сақтамаған жандардың кесірінен жазықсыз адамдар зардап шегіп жатады. Бұл дабыл тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлем халықтарына да маңызды.

ОҚЫС ОҚИҒАДАН САҚ БОЛУ КЕРЕК

Бүгінде елімізде бір қатар елді мекендерде төтенше жағдайлардың алдын алу максатында тыңғылықты жұмыстар атқарылуда. Су тасқынының ықтимал салдарын болдырмау максатында жергілікті атқарушы органдар Төтенше жағдайлар департаменттерімен бірлесіп қорғаныс бөгеттері мен біліктерін тұрғызу және нығайту, су бұру арналары мен арықтар қазу, сондай-ақ жаңа нөсер жүйелері мен су өткізу құрылыстарын салу жөніндегі жұмыстарды жүргізуде. Осы шаралардың барлығы су тасқынынан қорғау үшін сенімді инфрақұрылым құруға бағытталған.

— Атырау облысында ТЖД жергілікті билікпен бірлесіп, көктемгі су тасқыны кезеңінде төтенше жағдайлардың туындау қаупін азайтуға бағытталған іс-шаралар кешенін жүргізуде. «Биылғы көктемгі су тасқынының тәжірибесін ескере отырып, біз су басуға бейім аудандарды анықтадық. Қорғаныс бөгеттері мен біліктерінің құрылысы, қорғаныс құрылыстарын жөндеу, сондай-ақ жағалауды нығайту және өзендерді тереңдету жұмыстары жүргізілуде. Автожолдарда жаңа өткізу құбырларының құрылысы және автомобиль көпірін реконструкциялау жүргізілуде. Жергілікті жерлерде жанар-жағармай және инертті материалдардың, капшықтардың қорлары дайындалды. Біз зардап шеккендер үшін уақытша орналастыру пункттерін де анықтадық», — деді Атырау облысы ТЖД бастығы Нұрлан Жанабаев.

ЖАМАН АЙТПАЙ, ЖАҚСЫ ЖОҚ

Қазіргі заманда адамзат түрлі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлармен бетпе-бет келіп отыр. Жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, дауыл секілді табиғи апаттар ғана емес, сонымен қатар өндіріс орындарындағы жарылыс, жол-көлік апаттары, химиялық немесе радиациялық қауіп те адам өміріне қауіп төндіруде. Алдымен төтенше жағдай неден пайда болуы мүмкін? Олардың себебі мен салдарына тоқталып өтейік.

Алғашқысына табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жатқызсақ болады. Бұл — адамның бақылауынан тыс жүретін табиғи құбылыстар.

Жер сілкінісі жер астындағы тектоникалық қозғалыстардың нәтижесінде пайда болады. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтары сейсмикалық белсенді аймақтарға жатады. Алматы қаласы мен Жетісу өңірінде бұған байланысты қауіп жоғары.

Қарлың күрт еруі, нөсер жауын немесе өзен-көлдердің арнасынан асуы нәтижесінде орын алатын су тасқынында ескерген жөн. Елімізде көктемде, әсіресе Солтүстік, Шығыс Қазақстанда су тасу қаупі жоғары. Орман және дала өрттері көбіне жаз мезгілінде күннің ыстығынан немесе найза-ғайдың салдарынан табиғи жолмен пайда болады. Бірақ көп жағдайда адамның кінәсінен шығады (темекі қалдығы, от жағу т.б.). Келесі — техногендік апаттар. Өндіріс орындарындағы ескі техника, жарылғыш заттармен жұмыс істейтін мекемелерде қауіпсіздік талаптары сақталмаса, жарылыс, өрт, улану сияқты жағдайлар болуы мүмкін.

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

«Сактыкта қорлық жоқ» деп бекер айтылмаса керек. Оқыс оқиғадан сак болу үшін алдымен, қауіпсіздік ережесімен таныс болып, оны сақтау шарт. Арнайы мекеме, қызметтік орындар, тіпті үйіңізге де қауіпсіздік ережесін әзірлеп, енгізіп қойған дұрыс.

Өмірдің әртүрлі саласындағы ықтимал қауіптер мен осалдықтарды бағалау, соның ішінде инфрақұрылым, мемлекеттік мекемелер, эко-логиялық жүйелер және тағы басқа. Яғни, өткен-нен сабақ алып, болашақта қайталамау керек.

Халықты ақпараттандыру және оқыту аса маңызды. Ағартушылық науқандар мен қауіпсіздік жаттығуларын өткізу, азаматтарды төтенше жағдайларда аман қалу және әрекет ету негіздеріне үйрету арқылы төтенше жағдайлардың алдын алуға болады.

Төтенше жағдай — тек мемлекетке ғана емес, әр адамға тікелей қатысты мәселе. Табиғаттың тосын мінезіне дайын болу, адам әрекетінен туындайтын қауіптің алдын алу — бөріміздің ортақ міндетіміз. Әр азамат қауіпсіздік ережелерін біліп, сақтағанда ғана апаттың қаупі азаяды. Ең бастысы жауап-кершілік пен сақтықты тең ұстауымыз керек.

Әсет ҚАЛИ

2025 жылғы 1-жартыжылдықта шекті бағада ескерілген электр энергиясын сатып алу және (немесе) беру жөніндегі қаражатты пайдалану туралы «Астана-АЭК» АҚ-ның жартыжылдық ақпараты/ Полугодовая информация АО «Астана-РЭК» об использовании средств по покупке и (или) передаче электрической энергии, учтенных в предельной цене за 1 полугодие 2025 года			
№	Атауы/ Наименование	2025 жылғы 6 айдағы деректер/ данные за 6 мес 2025 года	
		көлемі (мың кВтсаг)/ объем (тыс.кВтч)	Құны (мың теңге), алдын ала/ Стоимость (тыс. теңге), предварительно
1	Бірынғай сатып алушы (КЕАО)/ Единый закупщик (РФЦ)	2 140 363	27 827 320
2	Оң теңгерімсіздік (сатып алу)/ положительный дисбаланс (покупка)	82 340	1 599 844
3	Теріс теңгерімсіздік (сату)/ отрицательный дисбаланс (продажа)	-40 853	-404 508
4	Нетто-тұтынушы/ Нетто-потребитель	76	2 128
Электр энергиясын сатып алуд/ Покупка электроэнергии		2 182 126	29 024 784
5	«Астана-АЭК» АҚ желілері бойынша транзит/ транзит по сетям АО «Астана-РЭК»	2 143 587	16 141 213
6	«АЭУК» АҚ желілері бойынша транзит/ транзит по сетям АО «АРЭК»	715 392	7 476 105
7	«Центр-Цемент» ЖШС желілері бойынша транзит/ транзит по сетям ТОО «Центр-Цемент»	185	76
8	«КСМ-Энергия» ЖШС желілері бойынша транзит/ транзит по сетям ТОО «КСМ-Энергия»	16 806	44 873
9	«КТЖ» ҰК» АҚ желілері бойынша транзит/ транзит по сетям АО «НК «КТЖ»	17 246	76 625
10	«KEGOC» АҚ Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша/ по пользованию национальной электрической сетью АО «KEGOC»	2 182 050	4 822 060
Электр энергиясын берудің орташа/ Передача электроэнергии		2 182 050	28 560 952
11	Электр қуаты нарығында жүктемені көтеруге электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындар/ Затраты на оплату услуги по обеспечению готовности электрической энергии к несению нагрузки на рынке электрической мощности	3 551	5 111 386

12	«KEGOC»АҚ электр энергиясын өндіру-түтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша/ по организации балансирования производства-потребления электрической энергии АО «KEGOC»	2 182 126	141 672
Барлығы/ Всего		2 182 126	62 838 794
13	Электр энергиясын сатудан түскен табыс/ Доход от реализации электрической энергии	2 182 126	56 549 700

Шекті бағаларда ескерілген тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді), оның ішінде жекелеген тұтынушылар топтарының тұтыну көлемдерінің асып кетуі нәтижесінде алынған кіріс/ Информация о доходе, полученном в результате превышения объемов потребления товаров (работ, услуг) в том числе по отдельным группам потребителей, учтенных в предельной цене туралы ақпарат

Атауы	2025 жылғы 6 айдағы деректер/ данные за 6 мес 2025 года /	
	көлемі (мың кВтсаг)/ объем (тыс.кВтч)	мың теңге/ тыс. теңге, предварительно
Халық/ население	380 418	8 048 943
Жеке тұлғалар сараламай босату тарифі бойынша физические лица по отпускному тарифу без дифференциации / Занды тұлғалар/ юридические лица	368 840	7 868 448
Бюджеттік ұйымдар/ бюджетные организации	1 230 137	32 263 319
ӘМАТ/ СЗПТ	112 866	6 039 921
ЕЭА аум. орналасқан тұтынушылар/ потребителей, расположенных на тер. СЭЗ	14 944	384 096
КР Президенті Іс Басқармасының және оның ведомстволарының ведомстволық бағынысты ұйымдары/ подведомственные организации Управ. делами Президента РК и его ведомств	33 730	878 337
41 191		1 066 636
Барлығы итогo /	2 182 126	56 549 700

«Астана-АЭК» АҚ 2025 жылдың 1-жартыжылдығы бойынша электр энергиясымен жабдықтау қызметтері үшін шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы жартыжылдық ақпарат/ Полугодовая информация об исполнении инвестиционной программы, учтенной в предельной цене на электрическую энергию АО «Астана-РЭК» на услуги по электроснабжению за 1 полугодие 2025 года												
№	Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) көрсеткіштерінің атауы (іс-қимыл кезеңін көрсете отырып)/ Наименование показателей инвестиционной программы (проекта) (с указанием периода действия)	Кіммен бекітілген (күні, бұйрықтың нөмірі)/ Кем утверждена (дата, номер приказа)	Іс-шараларды іске асыру жылдары/ Годы реализации мероприятий	Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама нысанының іс-шарасының жоспарлы параметрлері (көрсеткіштері)/ Плановые параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене					Орындау, шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама нысанының іс-шарасының нақты параметрлері (көрсеткіштері) (тоқсан сайын, жинақталған қорытындымен) Исполнение, фактические параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене (ежеквартально, с нарастающим итогом) *		Ауытқу лар/ Откло-нения	Ауытқу себептері/ Причины отклонения
				1 жарты- жылдық/ 1 полугодие	2 жарты- жылдық / 2 полугодие	Өлшем бірлігі/ Единица измерений	Инвестиция сомасы/ Сумма инвестиций	Өлшем бірлігі/ Единица измерений	Инвестиция көзі/ Источник инвестиций	Өлшем бірлігі/ Единица измерений		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1	Ұйымдастыру техникасы (16.05.2025 жылдан 16.05.2026 Организация техника (с 16.05.2025 года по 16.05.2026 года) жылға дейін)/	Казакстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті РММ-нің 2025 жылғы 15 мамырдағы № 03-13/199 негізделген қорытындысы.	2025 жыл/год	-	мың тенге/ тыс.тенге	90 684	мың тенге/ тыс. тенге	Амортизация, пайда/ Амортизация, прибыль	мың тенге/ тыс. тенге	0	90 684	2025 жылдың мамыр және маусым айларында конкурстық рәсімдер өткізіліп, жеткізушілермен шарттар жасалды. Негізгі құралдардың жеткізілуі жасалған шарттарға сәйкес күтілуде/ В мае,июне мес проводились конкурсные процедуры заключения договора с поставщиками. Поставка основных средств ожидается в соответствии с заключенными договорами.
2	Есептеу техникасы (16.05.2025 жылдан 16.05.2026 жылға дейін)/ Вычислительная техника (с 16.05.2025 года по 16.05.2026 года)	«Астана-АЭК» АҚ Басқармасының 2025 жылғы 22 мамырдағы № 25-23 шешімі./ Мотивированное заключение РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по городу Астане» от 15 мая 2025 года № 03-13/199. Решение Правления АО «Астана- РЭК» № 25-23 от 22.05.2025 года.	2025 жыл/год	-	мың тенге/ тыс тенге	9 316	мың тенге/ тыс тенге	Амортизация, пайда/ Амортизация, прибыль	мың тенге/ тыс тенге	0	9 316	

24 ШІЛДЕ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Ол сахнамен бала кезден сырлас. Үшінші сыныпта алғаш рөлге еніп, театр өмірінің ажырамас бөлшегіне айналды. Бүгінде Қалибек Қуанышбаев атын-дағы Қазақ ұлт-тық музыкалық драма театрында өнер көрсетіп жүрген жас актер Марғұлан Наменов шығармашылық ізденіс пен сахнадағы кәсібилік жайлы шынайы сыр шертті.



Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» шығармасында Қозы рөлін ойнау — мен үшін сын да, мақтаныш та.

— Қалибек Қуанышбаев театрындағы шығармашылық орта сізге не берді?

— Біздің ұжым талантты, әртүрлі қырынан танылған актерлерге толы. Әріптестерімнің сахнадағы бейнесіне қарап таңырқаймын. Бірі керемет дауыс иесі болса, бірі — шебер музыкант. Жан-жақтылық пен театр өнерінде барлығын үйлестіре алатын керемет жандар. Осындай ортада болу — дамуға үлкен мүмкіндік.

Алайда кешкі шай үстінде «Бір үйдің балалары» телехикаясында сізді жағымсыз кейіпте көріп, анам енді сіздің спектакліңізге бармаймын деп өкпелеп отыр», — деген әзіл-қалжың аралас пікір келді. Демек, бұл менің кейіпкер арқылы образымды аша алғаным шығар.

— Жас актер ретінде Қазақстандағы қазіргі театр өнерінің дамуы туралы не ойлайсыз?

— Қазақстанда театр өнері дамып келеді, бірақ әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстары бар. Менінше, бізге жас, креативті режиссерлер қажет. Қазіргі бар режиссерлердің еңбегін жокқа шығармаймын, дегенмен тын көзқарас пен заманауи ойлауға негізделген жана леп ауадай қажет. Сонымен қатар театрда нақты жүйе болуы керек деп есептеймін. Мектеп пен университеттерде оқу жылының басында жоспар құрылып, сол бойынша іс-шаралар өтетін еді. Театрға да сондай маусымдық жоспарлар қажет. Бұл актерлерге образға тереңірек бойлау үшін мол мүмкіндік берер еді. Яғни, ізденіс пен дайындық көп уақытты талап етеді. Сонымен қатар классикалық қойылымдарды жанаша, заманауи түрде сахналау керек. Бұл бағытта да жас режиссерлердің тың идеялары қажет.

— Алдағы шығармашылық жоспарларыңыз қандай? Жаңа рөл, жеке жобалар бар ма?

— Қазір ұсыныстардан бас тартпауға тырысамын. Әзірге қайсысын таңдайтынымды шешкенім жоқ. Өзімді түрлі жанрда, түрлі формада сынап көруге ниеттімін. Басты мақсатым — тоқтап қалмау. Жастық шақ — әрекет пен ұмтылыстың уақыты. Артымда өкінетін бос уақыт емес, алға жетелейтін тәжірибе қалса екен деймін.

— Жакында «Күй» спектаклінің премьерасы болды. Қойылымның дайындық барысы қалай өтті? Ең қиын сәттері жайлы не айтасыз?

— «Күй» мен «Шеңбер» қойылымдарына дайындықта қатар жүрдім. Екі жаққа да үлгеруге тырыстым. Дегенмен өнер үшін шаршау — ләззат. «Күй» шығармасына дайындық барысында режиссерлік көзқарас пен актерлік түсінік үйлесуі керек деген қағиданы ұстандық. Сол — шығармашылық тандем. Бұл үйлесімді табуға тырыстық. Әрбір ұсақ детальға дейін мән беріп, жұмыс істедік.

— «Күй» спектакліндегі рөліңіз туралы айтып берсеңіз. Бұл рөл сізге қаншалықты жақын?

— Мен бұл қойылымда күйші рөлін сомдадым. Домбырамен мінезді, ішкі күйді, сезімді жеткізу — үлкен жауапкершілік. Әбіш Кекілбаевтың әр сөзі астарлы, салмақты. Оны сахнада шынайы жеткізу үшін дауыс ырғағымен, қазақы тембрмен көп жұмыс істедім. Менің кейіпкерім — тыныш, бейбіт өмірді қалайтын жан. Бір сөзі маған қатты әсер етті: «Адамдар бірін-бірі жәнсе — женер. Бірақ мұны (жерді) жәнсе алмайды. Жер бетінде қанша қырғын соғыс болса да, жәнсе жердікі. Ол үстіне сиыспаған адамдарды астына сыйғызып алады». Бұл сөз адамзатқа, өмірге, бейбітшілікке деген көзқарасымды тереңдетті. Кейіпкерім өзіме ұқсас: айтқанынан қайтпайтын, жігерлі. Осы рөл маған шабыт беріп, өзіме деген сенімді одан сайын арттырды. Спектакльден кейін әріптестерім мен көрерменнің жылы пікірі мен шынайы қошеметі — ең үлкен марапат.

— Егер актер болмасаңыз, өзіңізді қандай мамандықта елестетер едіңіз?

— Егер бұл жолмен жүрмегенімде, бәлкім, әскери салада болар едім. Ол бағыт та маған жақын. Әскерде жүргенде командирім: «Актерліктен басқа салада жүргін келсе, біз сені күтеміз», — деп қалжындап айтқан. Бірақ жүрек қалауымен сахна-ны таңдадым. Осы таңдауыма еш өкінбеймін.

— Сұхбатқа уақыт бөлгеніңіз үшін алғыс айтамыз! Шығармашылық табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан
Айгерім СҰЛТАНҒАЛИ,
EYU cmydenmi

ӘР СУРЕТШІ — Бір дәуірдің үні

Биыл — қазақ мәдениеті үшін айтулы жыл. Себебі осы жылы ел мәдениетінің өркендеуіне сүбелі үлес қосып, қалтқысыз еңбек еткен бірқатар тұлғаның мерейтойы атап өтіледі. Әсіресе, мәдениет кеңістігінде өзінің қайталанбас дарынымен бейнелеу өнері мектебінің қалыптасуына ықпал еткен қылқалам шеберлерінің орны ерекше.



Осыған орай таяуда Алматы қаласындағы Әбілхан Кастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде 2025 жылы мерейтойы атап өтілетін белгілі суретшілердің шығармашылығына арналған көрме ашылды. Экспозицияда осыған дейінгі әртүрлі буын өкілдерінің шығармашылығы мен әрқайсысының өзіндік ерек қолтаңбасы тоғысып жатыр. Олардың қатарында Хлудов Николай, Валентин Антощенко-Оленев, Валерий Каптерев, Татьяна Глебова, Хакімжан Наурызбаев, Молдахмет Кенбаев, Анатолий Горовых, Михаил Антонюк және Ескен Сергебаев бар. Өнерге деген махаббатының арқасында кейбірі үшін Қазақстан екінші Отанға айналды.

Аталған мәдени іс-шара мерейтой иелерінің шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттап, жас буынға шабыт беруді көздейді. «Әр суретші — бір дәуірдің үні, сол уақыттың тынысын жеткізуші. Біз олардың еңбегі арқылы елдің мәдени болмысын танимыз», — деді ұйымдастырушылар. Ерекшелігі сол, көрме музей қорында сақталған тарихи туындылар арқылы келушілерге бұрын беймәлім болған жана қырларын тануға мүмкіндік береді.

— Көрмеге қойылған туындылар негізінен 2025 жылы мерейтойы атап өтілетін суретшілердің еңбектерінен іріктелді. Бұл көрме арқылы музейге келушілер эстетикалық және тарихи құндылықты түйсінуі қажет деп ойлаймыз. Мәдени іс-шара көрерменді рухани байытты қана қоймай, отандық бейнелеу өнерінің қайнар көзімен таныстыруға бағытталған. Көрмеге қойылған туындылар тұрақты экспозицияда жоқ, яғни барлығы музейдің қорынан алынған, — деді «Қазақстан бейнелеу өнері» бөлімінің аға ғылыми қызметкері, көрме жетекшісі Лаура Әбділдаева.

Экспозицияға туындылары қойылған әрбір суретшінің өнердегі тағдыры ел өмірімен астасып жатыр. Олардың әрқайсысы өз еңбегін қазақтың ұлан-ғайыр даласына, көздің жауын алар әсем табиғатына, тарихпен үндескен бай мәдениетіне арнады.

Биыл 175 жылдығы атап өтілетін Николай Хлудовтың шығармашылығы XIX ғасырдағы реалистік кескіндеме мектебінің Қазақстанда кеңінен таралуына ықпал етті. Қазак жеріне XIX ғасырдың соңында келген ол Орта Азия мен Қазақстанды аралады. Сапар кезінде көзбен көрген ғажайыптарын, жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі мен табиғат көріністерін қағазға түсірді. Кейіннен осының барлығы кескіндемелік туындыларға арқау болды. Николай Хлудов 1921 жылы Верный қаласында (қазіргі Алматыда) алғашқы көркемсурет студиясын ашты.

Қазақстандағы бейнелеу өнері тарихында Молдахмет Кенбаевтың шығармашылығы айрықша орынға ие. Оның картиналары терең мазмұнымен, ұлттық нақышымен және дара шығармашылық қолтаңбасымен ерекшеленеді. Молдахмет Кенбаев — республиканың шегінен тыс академиялық көркем білім алған алғашқы казак суретшілерінің бірі, Қазақ КСР-нің халық суретшісі. Биыл суретшінің 100 жылдығы атап өтіледі.

Ал Хакімжан Наурызбаев — ұлттық мүсін өнерінің негізін қалаған дарын иесі. Ол — мәдениет пен өнер қайраткерлерінің портреттер галереясын жасап, еңбек майдандарының бейнесін шебер жеткізе білген тұлға. Графика жанрында өзіндік орны бар тағы бір танымал есім — Валентин Антощенко-Оленев. Көрнекті график-суретшінің шығармашылығы бейнелеу өнерінде жанрлық саналуандығымен, эмоционалды тереңдігімен маңызды.

Көркемөнерсүйер қауымға арналған көрме 18 тамызға дейін жалғасады.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Марғұлан НАМЕНОВ, актер:

Өзімді түрлі жанрда СЫНАП КӨРГІМ КЕЛЕДІ



— Марғұлан Еркінұлы, актерлік жолыңыз қалай басталды? Бұл бала күңгі арманыңыз ба, әлде тағдырдың тосын бұрылысы ма?

— 1-сыныптан бастап жақсы оқитын, озат оқушылардың қатарында болдым. Ол кезде үздіктер алдыңғы партада отыратын. Бір күні мені екінші қатарға отырғызып қойған сәтте қайтадан тырысып, алдыма мақсат қойып, бірінші қатарға оралдым. Осы бірбеткейлігім мені әрқашан алға жетелейтін. Сол кезден бастап ұстазыма: «Директордың орынбасарына айтыңызшы, мені сахнаға шығарсыншы», — деп мектептегі барлық іс-шараға белсене қатыса бастадым.

Ең алғаш сахнаға 3-сыныпта Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы ауырып жатқан бала рөлінде шықтым. Бұл — менің жадымада мәңгі қалған, естен кетпес сәт. Бірақ уақыт өте келе бала арманыма адал болу менің өмірлік жолыма айналды.

— Отбасыңыз сіздің актерлік жолыңызды қалай қабылдады? Қолдау білдірді ме?

— Ата-анам өнерге құштарлығымды бала күнімнен білетін. Бірақ мамандық таңдау кезінде біраз қобалжыды. «Жалғыз барасың ба? Қайда тұрасың? Бағыт-бағдар беретін адам жоқ», — деп аландады. Бірақ 11-сыныпта нақты шешім қабылдап, өнер академиясына түсетінімді айтқанда олар батасын беріп шығарып салды. Алғашында ештеңе білмей, жалғыз жүріп жол таптым. Кейіннен ата-анамның сенімін ақтау мен үшін басты мақсат болды. Қазір сол сенімді ақтап келемін деп ойлаймын.

— Ең алғаш кәсіби сахнаға шыққан сәтіңіз есіңізде ме? Қандай әсерде болдыңыз?

— Иә, 2021 жылы Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрында «Қызыл алма» спектаклінде Аббас рөлін алғаш рет сомдадым. Бұл рөлді менен бұрын Қуандық Қыстықбаев, Сырым Қашқабаев, Олжас Дәлелхан сынды аға буын актерлер сомдаған. Солардың ізін жалғастыру — мен үшін зор жауапкершілік әрі үлкен мәртебе.

— Осы «Қызыл алма» спектакліндегі Аббас рөлінен не үйрене алдыңыз?

— Бұл рөл арқылы өзімнің бұрын байқалмаған қырымды аштым. Аббас — жүрегі таза, пәк бала. Осы образ менің ішкі әлеміме де он әсер етті. Өз-өзіме, айналамдағы ұсақ нәрселерге мұқият қарауды үйрендім.

— Сіздің репертуарыңызда классикалық және заманауи қойылымдар да бар. Қай бағытқа жақынысыз?

— Шыны керек, жас актер ретінде заманауи қойылымдарға көбірек қызығамын. Бірақ классика — актерді биіктететін, кәсіби деңгейін көтеретін үлкен мектеп. Мысалы, Ғабит



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАЗБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗҰАҚ –
Атырау облысы

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.

• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды.

• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –

Көктем ҚАРҚЫН